белгілі. Фалым Б.Әблұқасымов аташ көрсеткендей бұлар: «Қандай қоғамдық-экономикалық формацияда болмасын, ұлттық дүниетанымның күшті тәрбие құралы ретінде өзінің маңызын, рөлін еш төмендеткен емес» [1, 124]. Қазақ тіліндегі алғаш жарық көрген «Түркістан уалаяты» газеті 1870-1883 жылдар аралығында 13 жыл бойы Түркістан генерал губернаторлығының оргалығы Ташикент қаласында шығып тұрды. Ал екінші «Дала уалаяты» газеті бұдан 5 жыл кейін, 1888 жылдың 1 қантарынан бастаған, Дала генерал губернаторлығының оргалығы Омбы қаласынан шыға бастады. Міне, ескі қазақ жазба тілінің дәстүрлі нормаларын осы екі газет тілінен ұшыратуға болады.

Ал бұдан кейінгі қазақ тілінде шыққан мерзімді баспасөздердің екінші тобы 1907 жылы «Қазақ», «Серке»; 1911 жылы «Дала», «Қазақстан», «Айқаң»; 1913 жылы «Ешім даласы», «Қазақ», 1916 жылы «Алаш»; 1917 жылы «Бірлік туы», «Үш жұз», «Тіршілік», «Сарыарқа», «Ұран». Фалым Ү.Сұбханбердинаның көрсетуінше «Бұл газеттердің шығуына үкімет тараапынан көмек болған жоқ» [8, 6].

Халықтың ұлттық мәдени сипаттын мәңгілікке жалғастыратын рухани қазынасының бірі – халық шығармалары (фольклорлық) десек, солардың жойылып кетпей, қалың қауымға кеңінен жарияланғанға ықпал еткен алғашқы қазақ газеттері болған еді. Бұған дәлел ретінде газеттерден үзбей жарияланыш тұрған ауыз әдебиеті ұлттар – ертегі, аңыз әңгімелер, мақал-мәтедер, жұмбақтар, тұрмыс-салт жырлары, лиро-эпостық жырлар, айтыс, шешенендік сездер сияқты әдеби нұсқаларды айтуда болады.

Академик Р.Сыздыкова қоғамдық публицистикалық стильдің пайда болуын мерзімді баспасөздердің «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінің пайда болуымен байланыстыра отырыш, оларда елдің, халықтың тұрмыс-жайы, оку-ағарту мәселелері, қазақтың ұлттық мәдениеті, тарихы, әдебиеті мен тілі т.б. туралы публицистикалық сипаттағы мәтіндердің басылып тұратындығын және бұл мәселелердің оқырман қауымға түсінікті, жатық тілмен ұсынылып отырғандығын дәлелдей келе: «Сондықтан, лексико-фразеологиялық құрамы жағынан да, грамматикалық құрылышы жағынан да бұл стильдің негізі қазақтың өз тілі болды» - деп көрсетеді [9, 175].

Қорыта айтқанда, ескі қазақ жазба тілі – қазіргі әдеби тіліміздің дамуына жол ашқан үлкен арналардың бірі. Көне одан кейін орта түркі дәуірлерінен бастау алған ескі жазба тілдің құрылымындағы дәстүрлі қатаң «әмбебап норма» XV ғасырдан XX ғасырга дейінгі аралықта бірқатар өзгерістерге ұшырап өз заманының жазу мәдениетінің озық түрін қалыптастыруды. Көне түркі тілі болсын, орта түркі тілі болсын тіпті бергінгі ескі қазақ тілі болсын бұлардың барлығын да өз заманындағы жазу мәдениетінен өкшаша қарастыруға болмайды. Және осы үш жазба тілдің тарихи сабактастыры мен байланысын үнемі есте ұстаған абзат. Өйткені алдыңғы екі жазба тілдің (көне, орта) негізінде қалыптасқан ескі қазақ жазба тілінің құрамынан сол

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010**

---

дәуірлердің қуесі ретінде сақталған тілдік бірліктерді де, таза ұлттық жазба тілдің белгілерін де көздестіре аламыз.

Сөз соңында айтарымыз, ғалым F.Мұсабаев аташ көрсеткендей, «кітаби тіл ешқашан құбыжық болған емес».

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. *Әбілқасымов Б.* XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. –Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.
2. *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: «Ана тілі», 1993. –319 б.
3. *Дербісөлін Ә.* Қазақтың Октябрь айдандағы демократияшыл әдебиеті. –Алматы: Ғылым, 1966. –312 б.
4. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алма-Ата: КазГосИзд-во, 1959. ч 1. –452 б.
5. *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. (Лексика, фонетика). –Алматы: ҚазмемОПБ, 1962. –316 б.
6. *Хасанова С.* Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. –Алматы: Мектеп, 1972. –132 б.
7. *Дулатов М.* Бақытсызы Жамал. –Петропавл, 1910. –94 б.
8. *Сұбханбердина Ү., Дәуітов С.* Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. –368 б.
9. *Сыздықова Р.* XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Мектеп, 1984. –248 б.

### **REZUME**

#### **G. MAMYRBKOVA (Almaty) OVERVIEW OF THE OLD KAZAKH WRITTEN LANGUAGE**

In the article the information about the old Kazakh language in the Middle Ages.

Р. БЕЙСЕТАЕВ

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНГАРМОНИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

В статье рассматривается природа уровня структуры казахского языка, единицы уровня структуры, его связь и отношения между собой и проблемы много уровневых обязанностей языка.

Makalede kazak dilinin tabii çok aşamalı yapısı, bu yapının iç beraberliği, ilişkisi ve dilin çok aşamalı hizmet verme meseleleri incelenir.

Бабаларымыз ғұмыр кешкен көшпелі өмір салтының бізге қалдырыған рухани асыл мұраларының бірі – сингармониялық қазақ тілі. Қазақтың сингармониялық тілі және оған негізделген айшықты сөз (өлең) өнері – сол өмірдің бүтінгі айнасы.

Қазақтың этникалық дара ерекшеліктері:

- қазақтың сойлеу жүйесі және сойлеу қабілеті мен мүмкіндігі;
- қазақтың ойлау жүйесі және ойлау қабілеті мен мүмкіндігі;
- қазақтың дуниетанымы және дүние тану қабілеті мен мүмкіндігі

Осы айтылғандардың барлығы тіліміздегі табиғи гармонияға, дәлірек айтсақ, сингармонияға негізделіп қалыптасқан.

Табиғат аясында көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы гармонияны Жаратылыштың кеңістіктегі орнының және уақыт өлшеміндегі күні мен түнінің, айы мен жылшының баяу әрі бір ыргакты ауысып отыруына және белгілі мерзімде тұрақты қайталанып отыруына сай түсінген және оны құнделікті түрмис-тіршілігінде қолданған. Бұл – қазақ дуниетанымының негізі, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл рухани болмыс-бітімін айқындайтын, негізгі зандалық. Ұлы далада ұзакқа созылған көшпелі өмір салты, ұлттың дәстүрлі ойлау жүйесі және дуниетанымы қазақ тілінің сингармониялық құрылымда қалыптасуына негіз болды.

Адам белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүреді. Сондықтан оның қоғамдағы саналы іс-әрекеті өзінің ұлттық дыбыстық тілі арқылы іске асады. Бұл орайда, дыбыстық тілдің құндылығы мен күрделілігі ешбір жансызben салыстыруға келмейді.

Сонымен, «дыбыстық тіл» дегеніміз не? Бұл сұраққа бір жақты жауап беру – қателік. Адамзаттың дыбыстық тілі – ете нәзік әрі ете күрделі биологиялық құбылыс. Оны қолмен ұстаута немесе микроскоппен көруге келмейді. Дыбыстық тіл – адам санасының (жогарғы нерв жүйесінің) күрделі физиологиялық қызметінің жемісі. Десек те, қоғамдық ортада тілдің әлеуметтік маңызы одан да жоғары. Бұл арада белгілі бір қауымның немесе бір ұлттың қоғамдық өмірі туралы айтамыз. Ал, осы ұғымды жалпылама мағынада алсақ, онда бүкіл адамзаттың рухы мен оның әлеуметтік болашағы туралы айтамыз. Сондықтан, адамның дыбыстық тілі – жалпы адамзаттың ұғым.

Сонымен қоса, ол адамзатты басқа жанды дүниеден ерекшелеп тұратын негізгі белгі-қасиет. Дыбыстық тіл – адамның өз-ара қатынас құралы әрі ойлау жүйесінің негізі. Абайдың Дәулетиярға айтқан: «Ақыл дәuletке бітпейді, ақылға дәulet бітеді» сөзі, қогамның рухани өмір сұрунің бір көрінісі. Екінші сөзбен айтқанда, ақылды орнымен жұмсап, бақыт, дәulet табу – әрбір адамның еңбек ету қабілетіне, қайрат-жігеріне, ақылына және «аллаға шүкір» деп, байыппен өмір сұруніне байланысты болады. Ал, ақылдың түбі – асыл сөз – адамзаттың дыбыстық тілі. Сондықтан, сананы зерттеу үшін алдымен ұлттық тілдің шынайы құрылымын, оның түрлі қызмет атқару деңгейін, деңгейлік бірліктерін, олардың қатынасы мен байланысын анықтау керек.

Еуропаның дәстүрлі тіл білімі дыбыстың, сөздің, сөйлемнің әріптік бейнесіне қарап, тіл заңдылықтарын тауып, түрлі тіл теориясын құрып шықты. Біздің тіл біліміне көзқарасымыз мүлде бөлек. Түркі тілдерінің заңдылықтары мен түрлі тіл теориясы дыбыстың, сөздің, ырғақтық топтың, толық сөйлемнің (өлең шумағының) дыбысталуына қарай анықталуы және құрылуы шарт. Сондықтан, біз адамзаттың дыбыстық тілін тек дыбысталуына сай қарастырамыз және дыбысталу заңдылықтарына сай талдаап, түрлі лингвистикалық теория құрамыз.

Соңғы жылдарың шамасында, басқа тақырыпқа ауытқымай, ізденіс-талпынысымыз тұтас бірақ бағытта болды. Ол – қазақ тілінің сингармониялық құрылымы, тілдің көп деңгейлі қызмет атқаруы. Оның түрлі тілдік деңгейінің құрылымы, өзіндік деңгейлік бірліктері, олардың өзара байланысы, ара қатынасы және сингармониялық тілдік құрылымда қызмет атқаруы. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты қазақ тілінің түрлі табиги деңгейінің қызмет атқаруының сырын ашу болды. Тұпкі мақсат – қазақ ұлттының ойлау жүйесін зерттеу.

Біз құрған тіл дыбыстары жасалымының «аумақтық» теориясы түркі тілдерінде қалыптасқан ерекше құбылыс – сингармонизмнің биологиялық сырын ашуға негіз болды. Бұл теория түркі тілдерінде сингармонизм құбылысын тудыратын, қалыптастыратын аса маңызды заңдылықтарды ашып, талдаап және баяндап шығуға мүмкіндік берді. Аумақтық теориясыз «сингармонизм» құбылысының мағынасы мен мәнін түсіндіру мүмкін емес. Осы орайда, өзіміз жүргізген қазақ және жалпы түркі тілдеріне «құрылымдық талдаудан» біраз үзінді келтірейік.

Табиги жаратылысқа сай, қазақ тілінің құрылымы үш деңгейлі (фонетика → фонология → грамматика) болып қалыптасқан:

I – **ФОНЕТИКА** – тілдің дыбыс жүйесі;

II – **ФОНОЛОГИЯ** – тілдің буын құрау және сөз жасау жүйесі;

III – **ГРАММАТИКА** – тілдің сөз түрлендіру, сөз тіркесін және оның ретті тізбегінен сөйлем құрау жүйесі.

Фонетика – тіл дыбыстарының табиги физикалық белгі қасиеттерін,

## **P. Бейсетаев. Қазақ тілінің сингармониялық...**

анатомиялық және физиологиялық жасалымын, олардың жеке дара дыбысталу ерекшеліктерін зерттейді.

Фонология – тіл дыбыстарының ретті тіркесінен буын құрау және буындардың ретті тізбегінен сөз жасау зандылықтарын әрі олардың үндесе дыбысталуын (гармония) зерттейді.

Грамматика – сөз түрлендіру әрі оның дыбысталуын (гармония) реттеу, тілімізде сөз тіркесін құрау әрі оның дыбысталуын (гармония) реттеу, сонымен қоса, түрлі сөз тіркесінің ретті тізбегінен сөйлем құрау әрі оның құрамындағы ырғактық топтардың сан алуан «біртекті тембрлі» дыбысталуын (сингармония) зерттейді.

Сонымен бірге, тілдік құрылымның түрлі деңгейінің өзіндік бірлігі болады. Тілдік бірлік деп сөздің (сөйлемнің) жекеленген, арнайы дыбысталатын әрі үнемі тұрақты бейнелі болып келетін элементін айтамыз. Тілдік бірліктің негізгі белгісі – айырықша дыбысталуы мен қолданылуы. Тілімізде тілдік бірліктің дербес мағына білдіруі де, білдірмеуі де мүмкін. Тілдің әр деңгейінің өзіндік кіші және үлкен бірлігі болады. Мысалы, фонетикада – дыбыс, фонологияда – кіші – буын, орта – сөз, ал үлкен – сөз тіркесі (ырғактық топ). Грамматика екі сатылы деңгейлі: 1) морфологияда – кіші – морфема (ол да, буын), ал үлкен – (сөз) туынды сөзформа; 2) синтаксисте – кіші – сөз тіркесі (ырғактық топ), орта – жалаң сөйлем, ал үлкен – құрмалас сөйлем.

Осы құрылымдық талдауға сүйенсек, анық аңғарылатын ерекше зандылық байқалады: әрбір тілдік деңгейдің бірлігі тәменгі деңгейдің бірлігінен жасалады, керісінше, ал әрбір тәменгі деңгейдің бірлігі келесі жоғарғы деңгейдің бірлігінің құрамды білігі болып отырады. Сонымен қоса, егер деңгей ішінде түрлі кіші және үлкен бірлік болса, онда үлкен бірлік өз деңгейіндегі кіші бірлікten жасалады.

Қазақ тілінің сингармониялық құрылым табигатына сай, оның табиги деңгейлері мен тілдік бірліктері 1-ші кестеде берілді.

1-кесте. Қазақ тілінің сингармониялық құрылым деңгейлері мен тілдік бірліктері.

№	Тілдің құрылым деңгейі	Тілдік бірліктері
I	<b>Фонетикалық деңгей</b>	
	Тілдің аумақтық табигаты бар дыбыс жүйесі	Тіл дыбысы
II	<b>Фонологиялық деңгей</b>	
	Тілдің фонологиялық буын, сөз және ырғактық топ жасам жүйесі	Буын Сөз Ырғактық топ
III	<b>Грамматикалық деңгей</b>	
	Тілдің сөзформасын жасау, Сөз тіркесін және сөйлем құрау жүйесі	Сөз тіркесі Жай сөйлем Құрмалас сөйлем

## ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

---

Қазақ тілінде жеке буынның, сөздің және тұтас ырғақтық топтың біртекті тембрлі дыбысталуы – «гармония» тудырады.

Қазақ тілінде құрмалас сөйлемнің немесе өлең шумағының түрлі біртекті тембрлі құбылып дыбысталуы – «сингармония», екінші сөзбен айтқанда, сингармонизм құбылысын тудырады.

Кеменгер А. Байтұрсынұлы айтқандай, «заңы азбаған қазақ тілі» [1], оның деңгейлі құрылымы (фонетика → фонология → грамматика), өзара тығыз байланысты деңгейлік бірліктері, ерекше синтаксистік құрылымы, әсіресе, тілдік жаратылышқа және табиғи тіл заңдылықтарына сай, дұрыс құрылған құрмалас сөйлемнің (өлең шумағының) біртұтас сан түрлі «біртекті тембрлі» дыбысталуы адамның ойлау жүйесін зерттеуде бұрын нейрофизиологтар анғармаған, анғарса да керек қылмаған, ерекше құнды физиологиялық деректер беріп отыр.

Түркі тілдерінің артикуляторлық жасалымы тұрақсыз, осыған орай, акустикалық сипаты құбылмалы тіл дыбыстарының аумақтық теориясы биологиялық тұрғыдан дәлелденді.

Дәл осылай, түркі тілдеріне тән сингармонизм құбылысы да – құрмалас сөйлемнің (өлең шумағының) сан алуан «біртекті тембрлі» дыбысталуы, – биологиялық тұрғыдан дәлелденді.

Түркі тілдерінде сөйлем ішінде әрбір ырғақтық топ өзіне ғана тән біртекті тембрмен дыбысталып, ал құрмалас сөйлем құрамындағы ырғақтық топтардың ретті тізбегі түрлі «біртекті тембрлі» айтылады. Нәтижесінде, дыбысталуда сөйлемнің (өлең шумағының) өн бойында дауыс тембрі мейлінше құбылып тұрады. Міне, біз жоғалтып алған асылымыз «сингармонизм құбылысы» – осы құбылыс. Ал, Еуропа ғалымдарының сингармонизмді «сөз бойынан» немесе морфологиядан іздеулері, сол замандағы «ғылыми адасу» еді.

Еуропаның дәстүрлі грамматикасы кез келген құрылымды тілді латын немесе Еуропа тілдері грамматикасының аясында талдаң және баяндап шығумен шүғылданады. Олардың ұғымында: «Еуропа тілдері грамматикасының заңдылықтары мен ережелері кез келген басқа құрылымды тілді зерттеп шығуга жарамды». Сондықтан болар, олар өз грамматикасын «Жалпы грамматика» деп атайды. Ал, құрылымы мен заңдылықтары жағынан ең күрделісі – түркі тілдерінің грамматикасы. Латын, Еуропа тілдерінің грамматикасы түркі тілдері грамматикасының бір құрамды белгілі секілді.

Адамзаттың дыбыстық тілі өзін жасаушы тірі организм – адам тәні секілді, біртұтас әрі күрделі жүйе. Адамның сөйлеу мүшелері – жұмсақ таңдай, тіл, жақ, қызыл иек, тіс, қос ерін, дауыс желбезегі, сонымен қоса, жүткіншақ, көмей, мұрын қуысы тілдің биологиялық жасалымын, ал адам санағы оның әлеуметтік қызмет аткарып, өмір сүруін қамтамасыз етеді. Егер осының бірі кеміс болса немесе әлеуметтік рухани орта нашарласа, онда тіл

мүкістенеді, тіпті қатынас құралы болып қызмет атқарудан қалады. Сондықтан, адамның дыбыстық тілінің әлеуметтік қызмет атқаруы сөйлеу мүшелерінің жүйесіне, оның бірлігіне, биологиялық тұтастығына және үйлесімді қызмет атқаруына тікелей байланысты.

Қазақстан егемендік алысымен елімізде қазақша оку құралдары жарық көре бастады. Кеңестік дәүірде орталықтың ресми ұсынған окулығы қазақ тіліне аударылып, ал қазақша жазылған кітап Мәскеуде бекітілетін. Қазақ тілі туралы қазақша жазылған кітап орыс тіл білімімен үндесуі шарт болды. Туркі тілдерінің сингармониялық құрылымы, оның үндестік (гармония), бірегей үндестік (сингармония) заңдылықтары және тұтас құрмалас сөйлемнің (өлең шумағының) үндесе дыбысталуында пайда болатын «сингармонизм» құбылысы таза ескерусіз қалды.

Міне, осы аталған олқылықтардың орнын толтыру үшін қазақ тіліне құрылымдық талдау жүргізілді. Құрылымдық талдаудың нәтижесі түрік тілдерінің уш деңгейлі екендігін көрсетіп отыр. Ал, сингармонизм – барлық деңгейлік тіл заңдылықтарының біртұтас ретті әрі жүйелі қызмет атқаруы нәтижесінде пайда болатын ерекше құбылыс. Біз қарастырып отырған 1-ші дыбыстық деңгейдің (немесе, – фонетиканың) басты заңдылығы – тіл дыбыстары жасалымының «аумақтық табиғаты». Бұл заңдылыққа сай, түркі тілдерінің дыбыс жүйесі тұрақсыз биологиялық жасалымы бар, осыған орай, айнымалы акустикалық белгісі бар жүйе. Ең бастысы – ол сингармониялық тілдің фонетикасының болмыс бітімі, немесе – сол фонетиканың өзі. Осының арқасында түркі тілдерінің сөйлемі құрамында буынның, сөздің, тұтас ырғактық топтың дыбысталуында көп түрлі тембрлік біркелкілік пен біртекtileк еркін сақталады.

Жанды дүние әлемінің кез келген құбылысы секілді, адамзаттың дыбыстық тілі де өзіндік жүйелі құрылымы және көп деңгейлі қызмет атқару заңдылықтары бар табиғи құбылыс.

Сингармонизм – түркі тілдерінің табиғи жаратылышының келісті жарасымы: сананың, сөйлеу мүшелерінің сөйлеу барысында жүйелі әрі мейлінше үнемді қызмет атқаруының жемісі. Жалпылама берілген осы анықтаманың мағынасын түсініп, тіл табиғатын, оның қалыптасқан нормаларын және түрлі деңгейлік бірліктерін саралап жазып шығу үшін шынайы тілдік белгілерді және заңдылықтарды анықтау қажет. Егер адамзаттың дыбыстық тілін табиғи құбылыс деп қабылдасақ, онда оның табиғи құрылымының, табиғи жасалым деңгейлерінің және табиғи қызмет атқару деңгейлерінің болуы – жаратылыштың белгісі.

Тіл жаратылышының нақты бітімі эволюцияның жемісі, ол бүгінгі ұрпақтың қабылдау сезіміне байланыссыз қалыптасқан деп түсінсек, онда тіл құрылымының, табиғи жасалым деңгейлерінің және табиғи қызмет атқару деңгейлерінің бір-біріне сай келулері шарт.

Біз жүргізген физиологиялық, психологиялық және лингвистикалық кешенді зерттеудің нәтижелері көрсетіп отыргандай, белгілі бір ұлт

## ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

---

өкілдерінің сөйлеу барысында тыныс алу ыргағы мен олардың сөйлем құрау дәстүрлерінің арасында қалыптасқан бірегей байланыс бар. Сондықтан, ұлттық тілдің сөйлемінің құрылымы нақты физиологиялық заңдылық, деп тұжырым жасауга негіз бар. Бұл, әсіресе, құрылымы өте курделі сингармониялық түркі (қазақ) тілдеріне қатысты.

Қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын ашу мақсатында адам тәніне тікелей кешенді физиологиялық эксперимент жасалды. Олардың нәтижесі өкпенің және басқа сөйлеу мүшелерінің қызметі сөйлеу барысында бір орталықтан басқарылатынын көрсетіп отыр. Басқару орталығы – адамның санасы әрі сөйлем құраушы – адамның санасы.

Осыған байланысты, еуропа тіл білімінде қалыптасқан, сөзді «словесное ударение» қурайды, сөзді басқа сөзден «словесное ударение» ажыратады деу, қате пікір. Сөз құраушы да, сөзден сөзді ажыратушы да адамның санасы, ал атальмыш «словесное ударение» тілдің сөз құрау құралы немесе сөз құрау тәсілі. Сондықтан, біздің де «сингармонизм» атқарады деуіміз өте қате пікір. Шындығында, сингармонизм құбылысы пайда болады деуіміз керек, ал іске асырушы – адамның санасы.

Адамзаттың тілдік қатынас процесін айтушының белгілі бір мағына білдіретін сөйлем құрап, оны дыбыстауы (жазуы) мен тыңдаушының оны естіп (окып), қабылдаудың бірлігі, деп түсінуіміз керек. Сонымен қоса, біз мұны тілдік қатынас процесінің біртектілігі деуіміз керек. Ал, тілдік қатынас процесінің ұлттық барлық өкіліне ортақтығы тілдік құрылымның, табиғи жасалым деңгейлерінің және табиғи қызмет атқару деңгейлерінің біркелкілігімен қамтамасыз етіледі. Тұрлі өлкелік диалектілерді былай қойғанда, бір шаңырақтағы ата мен немере бір-бірін ана тілінде түсінбей қалған біздің қазіргі заманымызда, тілдік құрылымды және ұлттық табиғи сөйлеу нормаларын зерттеп анықтау – үлкен рухани міндет.

Ұзақ жүргізілген физиологиялық, психологиялық, лингвистикалық зерттеудің және көп жылдық бақылаудың нәтижелері сингармониялық қазақ тілі құрылымының және көп деңгейлі қызмет атқаруының бірсынша қырсырын ашуға мүмкіндік берді. Міне, осы зерттеулердің нәтижесін зиялды қауым назарына ұсынып отырмыз.

Қазақ тілінің сингармониялық құрылымына сай, тілдік бірліктері мына келтірілген деңгейлерде қалыптасқан:

- дыбыс – тілдік негіз – ұлттық тілдің артикуляциялық жасалым ерекшеліктері айнымалы, осыған орай, акустикалық сыйпатты құбылмалы дыбыс жүйесін қурайды;
- буын – тілдің дыбыстау мүмкіндігінің және фонологияның ең кіші бірлігі; буын жеке тұрып дыбысталады, ал мағына білдірмейді;
- сөз – ұлттық тілдік лексикалық қорын қурайды; бір немесе бірнеше буыннан жасалады және арнайы мағына білдіреді, кейде бірнеше мағына білдіруі мүмкін;

- ырғактық топ – сингармониялық тілдің интонациялық және синтаксистік бірлігі: екі немесе үш сөздің бірінші, бір деммен біртекті тембрлі дыбысталуынан жасалады; қазақ (турік) тілі сөйлемінің ең кіші бірлігі, мағына білдіруі шарт емес;
- мағыналық топ – тілдің мағыналық синтаксистік бірлігі: бір немесе бірнеше ырғактық топтан жасалады; толық не қосымша мағына білдіреді немесе мағына үстейді;
- сөйлем – ұлттық тілдің жеке тұрып қызмет атқаратын ең кіші синтаксистік бірлігі: бір немесе бірнеше мағыналық топтан жасалады; белгілі бір мағына білдіруі – шарт;
- шумақ – бір немесе бірнеше сөйлемнен жасалып, жүйелі тұтас ойды білдіретін тілдік құрылым – мәтіннің құрамды болігі.

Сонымен қоса, біз бұған түркі тілдеріне тән тағы үш просодиялық ұғымды қосуымыз керек: буынның дыбысталуы; ырғактық топтың дыбысталуы; тұтас сөйлемнің дыбысталуы.

Тіл дыбыстары – тілдік негіз – ұлттық тілдің дыбыс жүйесін құрайды. Қазақ тілінде кез-келген дыбыс шексіз реңді болып жасалады. Тіліміздің осы ерекшелігі түркі тілдері сөйлемінің дыбысталуының ортақ құбылысы – сингармонизмнің анатомиялық табиги негізі.

Түркі тексті халықтардың жазу-сизу өнерінің орыс графикасына көшүі – олардың тіліне, тіл мәдениетіне елеулі нұқсан келтірді. «Орыс мәдениетінің шығыска тарауының жемісі», «Ұлы орыс халқы тілінің илілікті әсері», «Компартияның аталық қамқорлығының арқасында» деген секілді желеулермен жүргізілген, Кремльдің орыстандыру саясаты қазақ ортасында өркен шашты, тамырын тереңге жіберді.

Табигаты сингармонизмге негізделген түркі тілдерінің сөз просодиясы орыс тілінің сөз екпінімен түсіндірілді. Өз ғалымдарымыз түбірге қосымшалар жалғанып, сөздің түрленуіне байланысты, сөз ішінде жылжымалы екпін тапты және оның түрлі буында орналасу заңдылығын дәлелдеп бақты. Нәтижесінде – тіл шұбарланды.

Профессор Ә. Жұнісбековтың қазақ тілінде кез келген морфема буындық деңгейден төмен болмайтыны, негізгі фонологиялық қызметті буын атқаратыны, тілдің сөз просодиясы сингармонизммен жасалатыны және сингармонизмнің аясында іске асатыны туралы жүйелі еңбектеріне көшілік қауым күні бүгінге дейін көңіл аударып отырған жок.

Сингармонизм – қазақ тілінің табиги жаратылысының келісті жарасымы: сананың, сөйлеу мүшелерінің мейлінше үнемді әрі жүйелі қызметтінің жемісі. Түркі тіл әлемінің бүкіл болмыс-бітімін айқындастын табиги құбылыс. Тек еңбектің басында келтірілген эпиграфқа және аталған себептерге байланысты жарасымы кетіп жүрген ұғым. Бүтін әдеби тіліміз өзінің негізгі аринасы – сингармонизмнің аясынан шығып кетті: ерін үндестігі «жойылып болды», тілдің табиги буындық құрылымы «фонемамен» алмастырылды, сөйлеу барысында қазақ сөздері ырғактық топ құрамай, жеке-

## ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

жеке дыбысталатын болды, сөздің (ырғақтық топтың) буындық құрылымының сөйлеу жылдамдығына байланысты құбылмалы қасиеті мүлде ескерусіз қалды т. б.

Қазақтың әдеби тілін қазақтың өзінен бөлектеп алғып, аты – қазақ, заты – орыс (словесное ударение, фонема т. б. негізінде) қазақтың тіл білімін қалыптастырмақ болдық. Бұл – басқа ұлт ғалымдарының «сингармонизмнің күйреуі» деулеріне негіз болды. Күйретуші – өзіміз және қабылданған жазу жүйесіндегі келеңсіздіктер (мысалы, ы дыбысын и әрпімен белгілеп, сыйыр, сияқты, тыянақты сөздерінің сиыр, сияқты, тыянақты болып жазылып, солай айтылуы секілді).

Тіл заңдылығының күйреуі – сөздің күйреуі, ал сөздің күйреуі – тілдің күйреуі. Келісті тілді қалыптастырған бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы ана тілнің күйреуіне жол бермейтіні белгілі. Сондықтан, біз де қазақ ұлтының дүниетанымы және Х. Досмұхамедұлы, Қ. Басымұлы, Ә. Жұнісбеков, М. Райымбекова, Ұ. Шүленбаева, Ж. Бейсетаева, Р. Бейсетаев, Ф.Ә. Құлқыбаев, М.С. Серғалиев еңбектерінің негізінде сингармонизмнің мәні мен мағынасын және анатомиялық-физиологиялық сырын ашып, тіліміздегі негізгі құбылышқа сапалық анықтама беруді мақсат қылдық.

**СИНГАРМОНИЗМ** (грек. *syn* – бірге және *harmonia* – байланыс, үндесу) – түрік тілі әлемінің табиги жаратылышын айқындастырын негізгі құбылышы. Сингармонизм алғашқы кезеңде (ал, орыс тіл білімінде күні бүгінге дейін) дауысты дыбыстардың үндесуі делініп келді [2-8].

Қазақ тілнің дыбыс жүйесін сингармониялық ғылыми бағытта бірінші болып зерттеген ғалым – А. Байтұрсынұлы. Ол «сингармонизм» терминін қолданбаған, себебі қазақ тілнің дыбыс қорын, сөйлесім процесін езулік жуан, езулік жінішке категорияларында ұфып, ғылыми зерттеулер жүргізіп, талдау жасаған [1]. Десек те, А. Байтұрсынұлының сингармофонемалық концепциялары, сол замандағы көзқарасқа сай, «фонема» деңгейінде құрылыш, тек езу сингармонизмін ғана қамтыған.

Әлем тіл білімінде «сингармонизм» терминін алғаш қолданған ғалым Х. Досмұхамедұлы болды. Ол қазақша сөйлесімнің негізі сингармонияны «дауысты дыбыстар гармониясы» тұрғысынан ғана емес, «барлық дыбыстар гармониясы» деп таныды және жалпы сингармонизм негізінде зерттеулер жүргізді [9. 81-99].

Басы А. Байтұрсынұлы және Х. Досмұхамедұлы еңбектерінен басталатын тілдің дыбыс жүйесін сингармониялық бағытта зерттелуін ағылшын ғалымдары Ферс шәкірттерімен және Джон Лайонз (John Lyons) қолдап, түрік тілнің материалы негізінде просодиялық ұфымдар бойынша жүйелі зерттеулер жүргізген [10. 141-144].

Ғалымдар сингармонизм туралы әр кездे әр түрлі пікір айтты: дауысты дыбыстардың үндесу заңы (дауыстылардың гармониясы), барлық дыбыстардың гармониясы, тіліміздегі сингармонизм, ассимиляция,

диссимиляция делініп, бұлар тен дәрежелі қойылды, сингармонизм фонетикалық заңдылық, ал морфонологиялық құбылыстардың табиғаты басқа делінді, керісінше, кейде сингармонизм морфонологиялық құбылыс ретінде қарастырылды.

Кімнің қай кезде, қандай қате пікір айтқанын теріп жазудың, ерине, қажеті жоқ. Қателік бәрімізде бар: бірі – жат жүрттан мәдениет үлгілерін алуга байланысты; екіншісі – бөтен елдің тіліне еліктеуге байланысты; ал, үшіншісі – әрқылы замандағы мемлекеттік үстем саясаттың ықпалына байланысты туындаған отырды.

Дегенмен, қазақ тілінің табиғаты бөлек – сингармониялық тіл, сондықтан, ұндіеуропа тіл білімінің ұлті-тәсілдері түркі тілдерінің табиғаты мен қызымет атқару сырын аша алмады. Тағдырдың қалауы келісті болды. Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңының сырын ашу тек қазақ ғалымдарының еншісіне тиді.

Қазақ тілінің зерттеуінің балаң шағында «Қазақ-қыргыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ» [9. 89] деп, бірінші сөзді Х. Досмұхамедұлы кеменгерлікпен айтқан болатын. Біздің ойымызша, бұл – сингармонизм туралы профессор Ә. Жұнісбековке дейін дұрыс айтылған, алғашқы шешуші пікір болды.

Екінші шешуші дұрыс пікірді Қ. Басымұлы айтты: «Тогыз жуанды, жіңішкелі дауысты дыбыстар сөздің жанды тамыры есебінде болып, сөздің әуеніне тірек болады»... және оларды жуан, жіңішке және еріндік, езулік деп жіктеді [11].

Ә. Жұнісбеков түркология ғылымында сингармонизм аясында жүргізілген зерттеу жұмыстарын, жасалған тұжырымдарды саралау және өзі жүргізген эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде негізгі заңының шынайы табиғатын ашатын мына тұжырымға тоқтады: сингармонизмнің негізгі фонологиялық қызметі – қазақ (түрк) сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында; ұндіеуропа тілдеріндегі фонеманың қызметін түркі тілдерінде сингармема атқарды.

Ат, ет, от, өт сөздеріндегі бүрінғы ұғымындағы бір т дыбысы езулік-жуан, езулік-жіңішке, еріндік-жуан, еріндік-жіңішке болып, төрт түрлі реңге ие болатыны белгілі болды. Міне, дыбыстардың осы үйлесімі, қазақ сөзін құлаққа жағымды қылыш тұратын, негізгі қасиет.

Галым еңбектеріне сүйенсек [12-15], қазақ тілінің дыбыс жүйесі дауысты дыбыстардың уш сингармотипінен және тоғыз сингармодауыстыдан, ал әрбір дауыссыз – төрт сингармодыбыстан тұратын жүйе. Әрбір дауыссыздың сингармотембрі олардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік қасиеттерінің қарама-қарсылығынан жасалады.

Осы айтылғандардың негізінде қазақ тілінің төл сөздері алты сингармониялық белгілер арқылы ажыратылады. Олар мыналар: 1) жуан езулік – жіңішке езулік, 2) жуан еріндік – жіңішке еріндік, 3) жуан еріндік –

жуан езулік, 4) жуан еріндік – жіңішке езулік, 5) жіңішке еріндік – жіңішке езулік, 6) жіңішке еріндік – жуан езулік.

Галымның бұдан шыгарған негізгі қорытындысы: 1) тіл және ерін сингармонизмдерінің сөз мағынасын ажыратудағы қызметтері тең дәрежелі; 2) сингармонизм тек дауысты дыбыстар үндестігі ғана емес, ол қазақ тілінің дыбыс жүйесін толық қамтитын, тілімізде сөз құрайтын және оның біркелкі тембрмен (езулік, еріндік) дыбысталуын қамтамасыз ететін, жалпылама заңдылық.

Профессор Ә. Жұнісбеков «Қазақ тілінің дауысты – дауыссыз дыбыстары Еуропа тіл білімінің фонема теориясына бағынбайды қазақ тілінде фонема жоқ, фонологиялық негіз буын» деген дұрыс пікір айтады [14,4-6]. Сонымен қоса, профессор А. Айғабылов «Қазақ фонологиясының жай-күйі де екінші бір көлденең тартылған кедергі. Біз осында жағдайларға байланысты фонема терминінен ғері дыбыс терминін қолдануды жөн көрдік» [16,8] деп, пікір айтады. Біздің ойымызша, қазақ тілі дыбыстарының фонологиялық мүмкіндігі буын құраумен ғана шектелген. Соңдықтан, осы екі галымның пікірлері зерттеу жұмысының өн бойына негіз болып алынды.

Зерттең отырган мәселе міз түркі тілдеріндегі сингармонизмнің табиғаты және заңдылықтары туралы болғандықтан, оған қомақты үлес қосқан, өз галымдарымыз М. Райымбекова мен Ү. Шүленбаевың еңбектері туралы айтту керек.

Галым М. Райымбекова қазақ тілінің дауысты дыбыстарының ерекшеліктерін жүйелі зерттей келе, сөз ішінде ашық дауысты дыбыстардың қысқа айтылып, ал қысаң дауыстылардың созылыңғы айтылатынына назар аударған [17].

Галым Ү. Шүленбаева жан-жақты зерттеудің нәтижесінде профессор Ә. Жұнісбековтың – «үндестіктің екі түрі (ерін-езу) тең құбылыс, олар бүтін бір жүйенің құрамды бөліктері», деген пікірін дәлелдеп шықты және ерін үндестігі бойынша қазақ тілінің материалы негізінде жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізді [18].

Түркі тілдеріндегі сингармонизмнің табиғатын ашуда қазақ ғалымы Қ. Басымұлының еңбегі ерекше болды. Өйткені, Ә. Жұнісбеков айтқан, бұрынғы ұғымымыздағы бір т дыбысы ат, ет, от, өт сөздерінде төрт түрлі реңге ие болады деу, жеткіліксіз болып шықты. Қ. Басымұлы айтқандай, олар сөздің тоғыз жанды тамырына сай, ат, эт, ет, ыт, іт, от, өт, ұт, ұғ буындарында тоғыз түрлі реңді болып жасалады еken. Сонымен қоса, біз жүргізген физиологиялық зерттеудің нәтижесі бұл дыбыстың ашық буын ұлғілерінде та, тә, те, ты, ті, то, то, тұ, ту түрінде келіп, басқаша тоғыз түрлі реңді болып дыбысталатынын көрсетіп отыр. Бұл бір дыбыстың жеке буын құрамында келгендей әр түрлі нұсқалары. Қазақ тілінде бір сөздің жеке дыбысталмайтынын, синтаксистік интонациялық бірлік ырғақтық топ екенін еске алсақ, онда сөйлеу барысында кез келген дыбыс шексіз реңді

болып жасалады деуіміз орынды. Сондықтан Қ. Басымұлы қазақ тілінің мәнін түсінген ғалым деуіміз керек.

Қазақ тіліндегі сингармонизм құбылысының сырь мен мағынасын анықтау үшін қазақ тілі сөйлемінің құрылымы тілдік тұрғыдан талданды [19]. Көп жылдық бақылаудың нәтижесі қазақ сөздерінің сөйлем ішінде жеке дара айтылмай, екіден (кейде үштен) топтасып, үндесіп айтылатынын көрсетті. Сондықтан, қазақ тілінде бір сөз жеке дыбысталмайды, негізгі синтаксистік бірлік – ыргақтық топ.

Жүргізілген кешенді соматикалық эксперименттің нәтижесі [20-24] қазақ тілі дыбыстарының жасалуында, барлығына ортақ ерекшеліктер бар екендігін көрсетіп отыр:

- қазақ тілінің кез келген дыбысы тіл бойында пайда болатын бір (кейде екі) кедергінің әсерінен жасалады;
- дыбыстау кедергісі тіл арты мен ортасы аралығының жұмсақ таңдайдың артқы тұсы мен алдыңғы тұсының аралығына қарай сәйкес көтерілуі арқылы жасалады;
- тіл ұшы астыңғы қызыл иектің төменгі тұсы мен астыңғы күрек тістердің ұшы аралығына жанасып тұрады;
- кедергінің дыбыстау аяа ағыны өтетін саңылауының шамасы дыбыстың нақты ыргағын жасаушы факторлардың бірі.

Табиғи жаратылышқа сай, кедергінің төменгі және жоғарғы бөліктегі болады. Ал кедергінің екі бүйірі – адамның жақ еттері. Физиологиялық эксперименттің нәтижелері анық көрсеткендей, кедергінің төменгі бөлігі қозғалмалы сөйлеу мүшелері – ауыз қуысының өн бойында орналасқан тіл мен астыңғы ерін арқылы жасалады. Кедергінің жоғарғы бөлігі, негізінен, ауыз қуысының жоғарғы жағында орналасқан тұрақты сөйлеу мүшелері – жоғарғы тіс, қызыл иек, жұмсақ таңдай арқылы жасалады [20-24].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дыбыстау кезіндегі екі бөлігінің ара шамасына қарай, кедергі үш түрлі болады:

- 1) кедергінің екі бөлігі бір-бірімен толық қабысып тұрады;
- 2) кедергінің екі бөлігі бір-біріне жуықтап тұрады;
- 3) кедергінің екі бөлігі бір-бірінен алшақ тұрады.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі бізге мынаны көрсетеді:

- кедергінің бірінші түрінен шұғыл дауыссыз дыбыстар жасалады;
- кедергінің екінші түрінен ызың дауыссыз дыбыстар жасалады;
- кедергінің үшінші түрінің әсерінен дауысты дыбыстар жасалады.

Кедергінің үшінші түрінде дыбыстау аяа ағыны өтетін кеңістік кең болып, аяа қарқынсыз өтеді. Нәтижесінде, кедергінің дыбыстау аяа ағынына әсері әлсіреп, жасалған дыбыстың құрамында салдыр мейлінше аз болады. Бұл – әсіресе, ашық дауысты [а] дыбысының айтылатында анық байқалады. Бұл кедергінің резонаторлық (негізгі) кедергі деуіміз керек.

Сондымен, осы зерттеуге тірек қылыш мына тұжырымдар алынды.

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010**

---

1. Х. Досмұхамедұлы: қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз езгерісі жоқ.
2. К. Басымұлы: тоғыз жуанды, жінішкелі дауысты дыбыстар сөздің жанды тамыры есебінде болып, сөздің әуеніне тірек болады... және олар жуан, жінішке, еріндік, езулік болып жіктеледі.
3. Э. Жүнісбеков: қазақ тілінде кез келген морфема буындық деңгейден төмен болмайды; ұндастіктің екі түрі (ерін-езу) тең құбылыс, олар бүтін бір жүйенің құрамды боліктері; ұндастірона тілдеріндегі фонеманың қызыметін түрік тілдерінде сингармема атқарады; сингармонизмнің негізгі фонологиялық қызыметі – қазақ (түрік) сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында, бұлай болмаған жағдайда, айтылған сөз құлаққа жағымсыз естіліп, қабылдауда ұғынықсыз болады.
4. М. Райымбекова: қазақ тілінде сөз ішінде ашық дауысты дыбыстар қысқа айтылып, ал қысаң дауыстылар созылыңқы дыбысталады.
5. Ұ. Шүлеңбаева: тіліміздегі қосымшалар да көп варианты болып келеді, түгел еріндікпен айтылады; ұндастіктің екі түрі (ерін, езу) тең бірліктер; ерін және езу ұндастіктерінің тіліміздегі етіз құбылыс екендігін эксперимент, сондай-ақ айтылу немесе дыбысталуын бақылау нәтижелері дәледеп отыр.
6. Р. Бейсетаев: қазақ тілінде кез келген морфеманың жеке тұрып дыбысталуы – шарт; қазақ тілінде жеке сөздің дыбысталуының мәні жоқ, негізгі синтаксистік әрі интонациялық бірлік – ырғактық топ; қазақ сөздері мағыналық немесе грамматикалық катынаста тұрып, ырғактық топ құрап бір текті тембрлі дыбысталады; қазақ тілі сөйлемі – ырғактық топтардың мағыналық және интонациялық қызыметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегінен жасалады.
7. Р. Бейсетаев, Ж.Р. Бейсетаева: қазақ тілінде аралас буынды ырғактық топтың өн бойында біркелкі дауыс тембрі ырғактық топтың барлық буынның ретті жасауында, тіл бойындағы кедергінің орны мен тіл ұшы қалпының тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі, екінші сөзбен айтқанда, ырғактық топтың дыбысталуында ауыз қуысындағы дыбыс резонаторы пішінінің тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі; ырғактық топтың өн бойында дауыс тембрінің біртектілігі (еріндік, езулік) еріннің қалпының тұрақтылығымен жасалады.
8. Тіл дыбыстарының қатаң-ұяң, жуан-жінішке физиологиялық жасалым ерекшеліктері және сөйлеу мүшелері бұлшық еттерінің ширығу қалпының тіл дыбыстарының буинаралық тіркесуіне тигізетін әсері сарапталды (Ғ. Құлқыбаев, Ж. Жақсыбекова, Р. Бейсетаев).
9. Зерттеу барысында қазақ тілінде жеке дыбыстың, буынның, сөздің (ырғактық топтың), сөйлемнің дыбысталуын бақылау нәтижелеріне ерекше назар аударылды (Р. Бейсетаев, А. Жакин).

10. Физиологиялық зерттеудің нәтижесі тіл дыбыстарының тембрін жасауда кедергі саңылауы шамасының да ерекше маңызы бар екенін көрсетіп отыр. Сондықтан, енді оларды жуан-жіңішке, еріндік-еузілік, ашық-жартылай ашық-қысан деп қабылдап, осылардың негізінде түркі (қазақ) тілдерінің буындық фонологиялық теориясы толықтырылып, қайта құрылды (Ф.Ә. Құлқыбаев, Р. Бейсетаев).

11. Қазақ тілі сөйлемі – ырғактық топтардың мағыналық және интонациялық қызметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегі болып шыгады (М.С. Серғалиев, Ж.Р. Бейсетаев, Р. Бейсетаев).

12. Кез келген ұлттың тіліндегі сөйлем сол ұлт өкілінің тыныс алу ритміне сай құрылатыны және ұлттық физиологиялық заңдылық екендігі белгілі болды (Ф.Ә. Құлқыбаев, М.С. Серғалиев, Р. Бейсетаев).

Тірек қылыш алынған осы жүйелі зерттеулердің нәтижесі бізге қазақ (турік) тіліндегі негізгі құбылыс – сингармонизмге мынадай сапалық анықтама беруге негіз болды: сингармонизм – сөйлем ішіндегі кез келген ырғактық топтың дыбысталуында, оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығын және тембрдің біртектілігін қамтамасыз етумен пайда болатын құбылыс.

Ә. Жұнісбеков дәлелдеген «сингармонизмнің негізгі фонологиялық қызметі – қазақ (турік) сөздерінің өн бойында біртекті тембрдің сақталуы» қағидасы жеке сөздің дыбысталуында толық орындалады. Ырғактық топтың құрамына енетін екі сөздің біртекті тембрлі (еріндік не еузілік) немесе аралас тембрлі (еріндік және еузілік) болып келуі мүмкін. Біртекті тембрлі сөздерден жасалған ырғактық топ, сол тембрлі бір сөздей болып, бір деммен дыбысталады. Мысалы: |өлеңсөздүң| (өлең сөздің), |ерданасы| (ер данасы). Ал, аралас тембрлі ырғактық топтың құрамындағы екі сөз бір еріндік тембрмен дыбысталады. Мысалы: |сөссарасы| (сөз сарасы), |қойбаласы| (көй баласы). Демек, аралас тембрлі ырғактық топтың өн бойында біртекті, тек еріндік тембр сақталады.

Сонымен, ырғактық топтың дыбысталуында, оның өн бойында біртекті тембр (еріндік, еузілік) сақталады. Сонымен қоса, сингармонизм аясында кез-келген ырғактық топтың дыбысталуында, оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сингармонизм құбылысына сай айтылған сөз тіркесінің құлакқа жағымдылығы, қабылдауда ұғынықтылығы қамтамасыз етіледі. Біз бұны – сингармониялық тілде табиғи тіл заңдылықтарының қызмет атқаруының келесі деңгейі деуіміз керек.

Сингармонизм құбылысына сай тіл заңдылықтарының қызмет атқаруының ең жоғары деңгейі – ырғактық топтардың мағыналық және интонациялық қызметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегінен мағыналық топ (синтагма) және сөйлем құрау әрі олардың қазақ (турік) тілінің сез просодиясына сай дыбысталуын қамтамасыз ету.

Тірек қылыш алғынған тұжырымдарды, өзіміз жүргізген кешенді зерттеудің нәтижелерін жинақтай келе, қорыта айтпағымыз:

- сингармонизм түрік тіл әлемінің жалпылама құбылысы;
- түркі тілдері әлемінің кез-келген дыбыстық құбылысы (мейлі фонетикалық заңдылық болсын, мейлі морфонологиялық өзгеріс болсын) және барлық грамматикалық заңдылығы сингармонизм құбылысына сай, сингармонизм құбылысын тудыруға қызмет атқарады;
- сингармонизмнің фонологиялық негізі – сингармема (буын); сондықтан, тіл дыбыстарының жүйелі тіркесінен біртекті тембрлі (еріндік, езулік) дыбысталатын буын жасалады; жеке буын түбір морфема түрінде келіп, мағынаға ие болады, ал қосымша морфемада мағына болмайды;
- сингармонизм құбылысы аясында буындардың жүйелі тіркесінен біртекті тембрлі (еріндік, езулік) дыбысталатын мағыналы сөз құралады;
- сингармонизм құбылысы аясында мағыналық немесе грамматикалық қатынаста тұрған сөздердің тіркесінен ырғақтық топ құралады және оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығы және үндесіп, бір деммен дыбысталуы қамтамасыз етіледі;
- сингармонизм құбылысы аясында ырғақтық топтардың мағыналық және интонациялық қызметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегінен сөйлем құралады және оның қазақ (түрік) тілінің сөз просодиясына сай дыбысталуы қамтамасыз етіледі.

Бұл – түркі (қазак) тілдерінде сингармонизм құбылысының пайда болуы мен өмір суруінің негізі. Біздің мақсатымыз түркі тілдерінің осы ерекшеліктерін физиологиялық және психологиялық түрғыдан дәлелдеп, тілдік қолдану мәселелерін талдаپ, зиялды қауымның назарына ұсыну.

Тілімізде сингармонизм құбылысы қалыптасқан географиялық және әлеуметтік орта, оның анатомиялық-физиологиялық, этнологиялық және психологиялық негіздері, қазақ тілінің акустикалық сыйпатты құбылмалы дауыс жүйесі, сингармониялық тілдің құрылымы, оның негізгі заңдылықтары және олардың қызмет атқаруы – ырғақтық топ құрау, оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығын әрі тембрдің біртектілігін қамтамасыз ету, сөйлем құрау, оның қазақ (түрік) тілінің сөз просодиясына сай түрлі тембрлі дыбысталуын қамтамасыз ету және қазақ тілінің сингармониялық сөз просодиясы туралы кейінгі мақалаларда жанжақты баяндалады.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі, 1992, 448 б.
2. *Исхаков Ф.Г.* Гармония гласных в тюркских языках / В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. I. Фонетика. Москва, Изд. АН СССР, 1955, С. 122-159.

## **Р. Бейсетаев. Қазақ тілінің сингармониялық...**

3. *Исхаков Ф.Г.* Общая характеристика тюркского вокализма / В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. I. Фонетика. Москва, Изд. АН СССР, 1955, С. 53-59.
4. *Севорян Э.В.* Морфологическое строение слова в связи с другими его характеристиками / В кн.: Тюркологический сборник. 1974. т. 2. Москва, Наука, 1978, 304 с.
5. *Севорян Э.В.* Фонетика турецкого литературного языка. Москва, 1955.
6. *Батычурда У.Ш.* Звуковой строй татарского языка. Казань, Ч. I, 1959.
7. *Черкасский М.А.* Тюркский вокализм и сингармонизм. Москва, Наука, 1965, 142 с.
8. *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. Москва, Наука, 1988, 204 с.
9. *Досмұхамедұлы Х. Аламан.* Алматы, Ана тіл, 1991, 1766.
10. *Джон Лайонз.* Введение в теоретическую лингвистику. Москва, Прогресс, 1978, 543 с.
11. *Басымұлы Қ.* Жана еріп тен жана емле және дыбыстарымыздың жіктері. Алматы, 1932.
12. *Джуснисбеков А.* Гласные казахского языка. Алматы, Наука, 1979, стр. 92
13. *Джуснисбеков А.* Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, Наука, 1980, стр. 78.
14. *Джуснисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просо-дики и сингармонизм казахского языка. АДД. Алма-Ата, 1988, 46 стр.
15. Страй казахского языка. Алма-Ата, Наука, 1991. 128 стр.
16. *Айабилов А.* Қазақ тілінің морфонологиясы. Алматы, Санат, 1995, 136 б.
17. *Райымбекова М.* Длительность гласных казахского языка. АҚД. Алма-Ата, 1968, 27. с.
18. *Шүлгенбаева Ү.* Қазақ тіліндегі ерін үндестігі. АҚД. Алматы, 1994, 24 б.
19. *Құлқыбаев Ф.Ә., Бұласай Р.* Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. Қарағанды, Санат, 2004, 144 б.
20. *Кулқыбаев Г.А., Бейсетаева Ж.Р., Бұласай Р.* Физиология тюркской сингармонической речи в норме / В кн.. Проблемы высшего образования и науки в XXI век. Материалы международ. науч.-практ. конф. Изд. Карагандинский гос. ун-т, 2002, С. 170-173.
21. *Сергалиев М.С., Бейсетаева Ж.Р., Бұласай Р.* Физиология тюркской сингармонической речи казахов в норме / В кн.. Проблемы высшего образования и науки в XXI век. Материалы международ. науч.-практ. конф. Изд. Карагандинский гос. ун-т, 2002, С. 201-205.
22. Физиологические механизмы звукообразования человеком в норме (авторы: Кулқыбаев Г.А., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З. Бейсетаев Р.), рег. № 144 от 17 июня 2004 г. В Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
23. Физиологические механизмы реализации тембральных характеристик звуков речи (авторы: Кулқыбаев Г.А., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З. Бейсетаев Р.), рег. № 145 от 17 июня 2004 г. В Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
24. *Кулқыбаев Г.А., Бейсетаев Р., Байжанов Е., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З.* Физиологические механизмы звукообразования человеком в норме / В сб.: Научные труды I съезда физиологов СНГ, т. 1., Москва, Медицина-Здоровье, 2005, С. 199. рег. № 144 от 17 июня 2004 г. В Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.

(Жалғасы бар)

## **REZUME**

R. BEYSETAEV (Karaganda)

THE PHENOMENON OF VOWEL HARMONY IN THE KAZAKH LANGUAGE  
(the harmony structure of the Kazakh language)

The article deals with multi-layer structure of nature of the Kazakh language, as the unity of this structure, their relationship to each other and referred to the multilayered language.

Ұ.К. ИСАБЕКОВА

МОНОСИЛЛАБТАР - ОРТА ГАСЫРДЫ ҚАЗІРГІ ТІЛМІЗБЕН  
САБАҚТАСТЫРУШЫ ТІЛДІК ФАКТИЛЕР

В статье рассматриваются односложные корни-моносиллабы в казахском языке. Главной целью работы является анализ тексте средневекового письменного памятника «Кутадгу билгі» и последующее включение его в научной оборот. Полученные выводы доказывают, что при исследовании моносиллабов можно доказать, что нынешние языки кыпчакских групп взаимосвязаны.

Makalede kazak dilindeki köklü monosyllablar incelenir. Çalışmanın amacı orta asır yazı abidelerinden "Kutadgu biliğ'in" metniini analize etmektedir. Araşturma çerçevesinde bündünki kipçak dillerinin birbirile alakalı olduğunu anlayabiliiz.

Қазіргі тілмізде жалпытүркілік тектілден өрбіп, жан-жақты дамып, жіктеліп, қайта тоғысқан, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын, сан гасырлық дербес даму жолынан етсе де, жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан тарихи фактілер бар. Бұл фактілердің үлкен бір бөлігін тілміздегі бір буынды түбірлер-моносиллабтар құрайды. Тілміздегі моносиллабтар қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, сонымен бірге олардың өзара туыстық деңгейін айқындауга да көмектеседі. Біз бұл зерттеуімізде орта гасырдың құнды тілдік деректерін сақтап қалған XI гасырдың ең ірі тарихи жазба ескерткіші - Жусіп Баласағұнның «Құтадгу білік» дастанының тілін қарастырамыз. «Құтадгу білік» – орта гасыр жазба ескерткіштерінің ішінен қазақ тілінің орта гасырмен сабактастырылып нақты дәлелдейтін тілдік фактілерді бойына сақтаған құнды мұралардың бірі. Оның маңызы туралы А.Егеубаев «Жусіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны – бүтін бір тарихи кезеңнің сипаты-белгілерін сіңірген, қоғамдық-саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық-этикалық, рухани қазынамызың негізі, арқауы дерлік құнарлы дүние. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің бұрын-соңды зерттеу, ғылым тіліне түспеген алуан қырлы ерекшеліктерін осы ұлы мұра беттерінен табар едік. Әрине, осыдан он гасырга жуық бұрынғы поэмалың тілдік-көркемдік ерекшелігі, қарапайымдау түстар кездеседі. Соның өзінде, арнайы шешенендікке, қызыл сөзділікке салынбаған тегеурінді, түбірлі тілдің, қарапайым да қарымды даналықтың күесі боламыз. Бұкіл тіл орамдары, тарихи мекен-жайлар, сез толғамдары туысқан халықтармен қатар казіргі қазақ тіліне де үндес. Поэтикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәні жағынан, философиялық терең тұжырымдарымен дуниежүзіне жақсы танылып, тарап үлгірген «Құтты біліктен» туған еліміздің рухани, моральдық-этикалық

## Ұ.К. Исабекова. Моносиллабтар - орта ғасырдың қазіргі...

тұлғасын, Қазақстан мәдениеті мен әдебиетінің бай тарихы мен дәстүрін көреміз» [1. 68].

Ескерткіштің тілі, қай әріппен жазылғаны жөнінде пікір, зерттеулер көп. Түрік тіліндегі жазылғандығы ақиқат болса да, оның ішінде де сан салалы болжамдар қай әліпбимен жазылғаны жөнінде талдауларға ұласып кетіп жатады. Тіл мамандары бұл ретте ондаған тұжырым, түйіндер ұсынады. Ол зерттеулер туралы айтуды бұл мақалада мақсат етпедік. Тек қалай десек те, ол зерттеулерден түйіндеріміз сол заманың өзінде жалпы елге, мемлекетке тән қалыптасқан әдеби тілдің болғанын дәлелдейді.

Біздің заманымызға «Құтты біліктің» үш қолжазбасы жеткені белгілі. Біріншісі – *Вена* нұсқасы (көшірілген жеріне қарай Гират нұсқасы деп те атайды); екіншісі – араб әрпімен жазылған *Каир* нұсқасы; үшіншісі – ең толығы, жақсы сақталғаны *Наманган* (Ферғана) нұсқасы. Ескерткіш көшірмелерінің бір шеті Мысырдан, енді бір шеті Венадан шығуы, сонымен қатар көне Сарайшық қаласынан табылған XIII ғасырдың ескерткіші деп есептелінетін қыш құмырада «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сез. Кісі көркі – жұз, Жүздің көркі – көз» деген «Құтты біліктің» бір бәйтінің жазылуы аталған ескерткіштің түркі әлеміне өте танымал болғанын, Тұран шахнамасы атанғанын, «Махабхарат», «Шахнама», «Златоуст», «Домо-строй», «Сиасатнаме», «Құпия шежіре» т. б. сияқты әлемге әйгілі түркі халқының орта ғасырдағы ұлы жазба ескерткіш екенін дәлелдейді.

«Қутадғу билиг» ескерткішінің транскрипциясын алғаш рет атақты түркологтар В.Томсен мен В.Радлов жасады. Содан кейін түрік ғалымы Р. Р. Арат үш қолжазбаны транскрипциялап, толық текстін жасады және түрік тіліне аударып 1947 жылы Стамбул қаласынан I бөлімін, ал II бөлімін 1959 жылы Анкара қаласынан басып шыгарды. Бүгінде «Құтты біліктің» толық аудармасы орыс тілінде (С. Н. Иванов, Ю. Баласагунский, «Благодатное знание», Москва, 1983), орыс тіліндегі көркем поэзиялық еркін аудармасы Н. Гребнев (Ю. Баласагунский «Наука быть счастливым», Москва, 1971), өзбек тілінде (К. Каримов, Ташкент, 1972), ұйғыр тілінде (Шыңжаң ұйғыр автономиялық районы Академиясы, Юсуф Хас Хажиб, «Қутадғу билиг». Пекин, 1984) жарық көрді. Осы басылып шыққан еңбектердің негізінде соңғы уақыттарда Москва мен Ленинградта, Ташкент пен Бакуде, шетелдерде көптеген зерттеулер мен ғылыми жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазақстанда Асқар Егеубаев (Алматы, 1986) пен Эбжан Құрышжанұлы (Түркістан, 2004) аталған ескерткіштің поэтикалық аудармасын жасады.

Ескерткіштің тілі жөнінде ғылымда бірізді айтылған пікірлер жоқ. Ұлы түрколог В.В. Радлов «Құтты біліктің» тілін зерттеу барысында күрделі «шыргалаңға» түсkenі бұл мәселенің қаншалықты күрделі екендігін аңғартады. В. В. Радлов алғаш Вена нұсқасы бойынша транскрипциялағанда Алтай түркілерінің тіліне сүйенгені белгілі. Бірақ кейінгі зерттеулер В. В. Радлов принципінің жаңылыс екендігін дәлелдеді. Қалай дегендеге де, қазіргі түркологияда «Қутадғу билиг» ескерткішінің тілі жөнінде бір байламды

Жеңгесін әкелу үшін 41 жігітімен Райханға екінші рет аттанып, Райханды тірілей ұстап алып азаптап өлтіреді. Оның қазынасын есептеп Бозұғланға береді. Ақбілек Бозұғланға қосылады.

ОСЫ ЖЫРДЫҢ БІРНЕШЕ НҰСҚАСЫ БАР:

- 1) «Көрүғлы». Балымбаев Жамал жинаған. OFK ҚҚ: 1037-бума; 2) «Көрүғлы». Нәби Балабеков жинаған. 1940. OFK ҚҚ: 672-бума; 3) «Көрүғлы». Молда Мұқан Машанов жинаған. OFK ҚҚ: 672-бума; 4) «Көрүғлының қиссасы». Абдырахманов жинаған. OFK ҚҚ: 672-бума; 5) «Көрүғлы». Құлмұхамбет Байғараұлы жазбаларынан. OFK ҚҚ: 127-бума; 6) «Көрүғлы сұлтан». Қошанов жинаған. OFK ҚҚ: 672-бума; 7) «Көрүғлының қиссасы». Ысқақ Сәлімбаев жинаған. OFK ҚҚ: 1037-бума; 8) «Қисса Көрүғлы». Ергали Есенжолов жинаған. OFK ҚҚ: 924-бума; 9) «Көрүғлы сұлтан өлеңі». Мәшінүр Жүсіп Көпесев жинаған. OFK ҚҚ: 1173-бума.\*

Бұлардың сюжеті бір, жырлау үлгісі ұқсас әрі бірін-бірі қайталайтын шумақтар да жиі кездеседі. Осыған қарап аталған нұсқалар әу баста бір

\* Осы қолжазбалардың машинкаға басылған кешірмелері ӘӨИ-дің ҚҚ-да, 634,637,660-бумаларда сактаулы.

## **А.Ақан. Тұркі халықтарына ортақ «Көрүглұ сұлтан өлеңі»...**

нұсқадан тараған деген қорытынды жасауга болады. Дегенмен кей нұсқаларда эпизодтар кеңінен баяндалса, кейбірінде қысқаша айтылады, кейбірі қара сөзben басталса (Абырахманов нұсқасы), кейбіреуінің кіріспесіне жаңадан шумақтар қосылған (Ы.Сәлімбаев нұсқасы), өкінішке орай алғашқы беттері жоғалған нұсқалар да бар (Н.Балабеков, Қ.Байғараұлы нұсқалары). Аталған нұсқалардан басқалары жыршының Алладан көмек сұрап «Әйлә мәдеть, Жаппар Хақ» деген сөзімен басталады. Бір айта кетерлігі Қ.Байғараұлы нұсқасы аяқталмады. Ал Абырахманов нұсқасының соңына басқа нұсқалардың ешбірінде кездеспейтін сюжет қосылғанымен аяқсыз қалған. Батырдың қайтыш оралуымен аяқталған сюжетке хикаялық негіздегі, яғни алдыңғы жаңрга сәйкеспейтін мүлдем басқа жаңрдағы жаңаша ертегілік сюжет алдыңғы сюжетпен кірігіп, іштей тұтастанып үйлесім тауып тұр.

Аталған нұсқалардың арасында көркемдігі жағынан Е.Есенжолов пен М.Ж.Көпееев нұсқалары өзгелерден озық тұр. Осыған қарап бұл екі нұсқаны негізгі деп атайды аламыз ба? Эрине, жоқ. Белгілі фольклортанушы Б.Әзібаева айтқандай: «Фольклортануда «канондық», «негізгі» мәтін деген ұғым жоқ, өйткені ғылым үшін шығарманың барлық вариантының зерттегендегі шығарманың кең тараған мәтіні, ең бірінші бол қағазға түскен, ең бірінші жарияланған, ең толық, ең көлемді, көркемдік құндылығы ете жоғары, кейін табылса да көне, яғни ертеректе жырланған [айтылған] түрінде сақталған мәтіні т.б. анықталуы мүмкін [2. 22].

Е.Есенжолов 1910 жылы қағазға түсірген «Қисса Көрүглұ» нұсқасын кімнен алғанын көрсетпеген. Ол қолжазбаны 1947 жылы жинаушының баласы Кәрім Есенжолов қолжазба қорына тапсырған.

Ал М.Көпеевтің (1858-1931) қолжазбасы бізде жоқ. Бізге жиені, қарындасының баласы Жолмұрат Жұсіпулының Мәшекеннің қолжазбасынан көшірген нұсқағана жетіп отыр. Көшіруші былай дейді: «Бұл «Көрүглұның сөзін» (Көрүглұ сұлтан өлеңі) Мәшінүр Жұсіптің өз қолымен жазған нұсқасынан көшірдім. Һәм өзінің алдында тірі күнінде талай оқып, айтып, сөйлегенін естідім. Өзінің айтуы Мәшінүр Жұсіптің 35 жасында сөйлеген сөзі деп өзі айтқанын есіттім... Бұл қағаз жузіне көшірілуі – 1945 жыл, 25-сентябрьде, Алматы қаласында көшірілді». Егер көшірушінің сөзіне сенсек ақын жырды шамамен 1893 жылы қағазға түсірген. Ал М.Көпеевтің өзі дастанның соңында: ... Бұл қазаққа бастап мұны сөйлеген, Өзі қожа, Қошекұлы Құдері (1833-1834 жодар)... Құлақ кәрі, бой жас .....\*. Жаңа туган жас ұл деме ғаріпті. Сол кісінің шыққан сөзі аузынан, Құлағында бұл Мәшінүрдің қалыпты (1839-1842) дейді.

Бізде бар мәліметтер бойынша Қошекұлы Құдеріқожа 1820 жылы туылып 1858 жылы қайтыс болған. Демек ол кезде М.Көпееев өзі айтқандай

\* Түпнұсқада бір сөз танылмады.

«жана туған жас ұл». Соңдықтан ақын бұл жырды К.Көшекұлынан жеткен қолжазбадан көшірген немесе содан үйренген өзге адамның айтуынан жырлаған болуы мүмкін. Дегенмен М.Көпесев келтірген мәліметтен жырдың жоғарыда аталған тоғыз бірдей нұсқасының бір-біріне соншалықты ұқсас болуы себебін, яғни олардың бәрі де Көшекұлы Құдеріқожа жырлаған нұсқадан алынуы мүмкін екенін аңғарамыз.

Зерттеу барысында бір-біріне соншалықты ұқсас бұл нұсқалардың өзі өзара ортақ тұстары мен айырмашылықтары бар екі топқа белгінетін анықталды. Бірінші топқа Ергали Есенжолов, Мәшінүр Жусіп Көпесев, Молда Мұқан Мащенов, Нәби Балабеков, Қошанов, Ісқақ Сәлімбаев нұсқалары жатса (соңғы үш нұсқа осы топқа жататын нұсқаларда жоқ, екінші нұсқалардаған кездесетін көріністерді де қамтиды), екінші топқа Балғымбаев Жамал, Абдырахманов, Құлмұхамбет Байғараұлы нұсқаары жатады. Алдыңғы алты нұсқа жыр үлгісінде жырланса, соңғы нұсқалар қара өлең үлгісінде берілген.

Енді олардың арасындағы айырмашылықтарға қысқаша тоқтала кетейік.

1. Көрүғліның анасы Алтыншаш қайтыс боларында пірлері келіп болашақ сәбійінің көр ішінде туылып, өскенде батыр әрі хан болатынын айтып аян бергені М.Көпесев, Е.Есенжолов, Қошанов нұсқаларындаған кездеседі. Ал өзгелерінде баласының өскенде кім болатынын Алтыншаш өзі болжайды.

2. Көрүғлі жеті жасқа толғанда пірлердің оны сұндеттеуі Молда Мұқан, Қошанов нұсқаларында және екінші топқа жататын нұсқаларда көрініс тапқан. Біздің ойымызша бұл оқиға бірінші топқа жататын барлық нұсқаларда болуга тиіс. Өйткені Молда Мұқан мен Қошановта ...Жеті жасқа келгенде, Faусыл Ағзам, ұстазы Әйләді түркі сұннетті. Үйретіп дәл бір өнерді... делінсе, М.Көпесев пен Е.Есенжоловта ...Жеті жасқа келгенше Үйретіп әрбір өнерді... делініп, баланы пірлердің сұндеттегенін баяндайтын екі жол түсіп қалған.

3. Көрүғлі көрден шыққан соң жалғыз өзі зерігіп, кіші дәретін топыраққа бұлғап Шәмбіл қаласын салып ойнайтын эпизод екінші топтағы нұсқаларда және Ы.Сәлімбаев нұсқасында кездеседі.

4. Көрүғлі мінәжат етіп Алладан өзінің тілегін тілегенде пірлер көрінбей келіп «Әумін» деп тұратын эпизод Ж.Балғымбаев, Абдырахманов нұсқаларында және бірінші топтағы Ы.Сәлімбаев нұсқасында бар.

5. Көрүғліның қолға түсірмек болып Бозұғлан атпен құғанда баланың көрге кіруіне кедергі болған арыстанның аты М.Ж.Көпесев пен Молда Мұқан нұсқаларында Гайып пір, осы топтың басқа нұсқаларында Шайхы уәли, ал екінші топтағы нұсқаларда бауыры кек (Абдырахмановта – бауыры шұбар) арыстан Қыдыр Лияс.

6. Баланың өз әкесінің кім екенін сұраганда бірінші топтағы нұсқаларда (Ы.Сәлімбаевтан басқалары) Бозұғлан Мұндыбектіған айтумен шектелсе,

## А.Ақан. Тұркі халықтарына ортақ «Көрүглі сұлтан өлеңі»...

екінші топтағы нұсқаларда және Ы.Сәлімбаевта бабасы Толыбайдан бастап таныстырып шығады.

7. Көрүглі Сапабек бастаған қырық бір жігітке қарсы аттанарда Бозүглан ұсынған қару-жарақтың кімнен қалғанын сұрайды. Бірінші топтағы нұсқаларда Бозүглан өзі жауап береді (Н.Балабеков нұсқасында осы сәт баяндалған бет жоғалған, М.Көпееев пен Қошанов нұсқаларында Көрүглі сұрамай-ақ Бозүглан өзі айтады). Ал екінші топтағы нұсқаларда Бозүглан ол қару-жарақтың ата-бабаларынан мирас болып келе жатқанымен, олардың мән-жайын білмейтін болып шығады. Сонда Көрүгліның өзі олардың кімнен қалғанын баяндап береді.

8. Екінші топтағы нұсқаларда және Ы.Сәлімбаев пен Қошанов нұсқаларында қырық бір жігіт батырдан қорқып қашқанда қоста қалған Кербиенің бабасы Толыбайдан қалған мал екенін Көрүглі танып, одан тұлпар туылатынын болжаса, басқа нұсқаларда «тырнақ алды олжам» деп маңдайына белгі салумен шектеледі.

9. Жыршының тыңдармандарды сендіру үшін пайдаланатын, жыр оқиғасына қатысы жоқ дайын үлгілерінің бірі «Бұл сөзімнің ішінде ажар мен жоқ өндері» деген екі жол біршама өзгертулермен М.Ж.Көпееев, Е.Есенжолов, Молда Мұқан нұсқаларындаған қолданылған.

10. Райханға аттану үшін рұқсат сұрамақ болып көп қынышылықпен пірлерін іздең тапқанда Көрүгліның оларға қоқан-лоққы көрсетуі (бастарыңды кесіп алайын ба?!) екінші топтағы нұсқаларда және Қошановта кездеседі.

11. Райханға аттанарда «Қай уақытта келемін, аузы түкті орыстан» деген екі жол түрлі өзгерістермен бірінші топтағы нұсқалардың бәрінде (Н.Балабеков нұсқасынан басқа) кездеседі. Бұл жырдағы орыс этнонимі жөнінде Б.Әзібаева былай дейді: «...мәтінде «орыс» этнонимі аталады. Бұл тарихи шындыққа сәйкес емес, себебі кавказдық нұсқаларда Көрүгліның қарсыласы ретінде – қызылбастар, кейде арабтар болғаны белгілі. Демек, қазақ нұсқаларындағы «орыс» атауы – анахронизм; оны ақын, жыршилар кейде ұйқас үшін де пайдалануы мүмкін» [3, 481].

12. Нұсқалардың басым бөлігінде қолы байланып зынданда жатқан жеңгесін Көрүглі қалай шығарарын білмей түрганда Ақбілек пірлерді шакырып, солардың көмегіне сүйенуге кеңес береді. Ал М.Ж.Көпееев нұсқасында Ақбілектің кеңесімен Көрүглі Гиратпен сүйреп шығарса, М.Сәлімбаевта пірлерді шакыруды Гират ұсынады.

13. Райханның бес мың қолмен қашқан шаһары М.Ж.Көпееев пен Молда Мұқанда – Арзум, Е.Есенжоловта – Архарум, Ж.Балымбаев пен Н.Балабековте – Арзуым, Абдырахмановта – Архалум, Қошановта – Арзулы, Ы.Сәлімбаевта – Азулы.

Нұсқаларды өзара салыстыру барысы көрсеткендей олардың арасындағы өзгерістер тек эпизодтық деңгейдеға. Аяқталмай қалған

## ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

Абдырахманов нұсқасынан басқаларында ешқандай тыңнан қосылған сюжет, оқиға, көркемдік әдістер байқалмайды.

М.Ж.Көпееев өзі жинаған нұсқаның сонына алты шумак, яғни жиырма төрт жолдан тұратын, қосымша мәлімет қосқан. Онда жырды Көшекұлы Құдеріден естігенін айта келіп «Әңгіме қып Қаратаядан айтқаннан, Таусылмапты Қызылжарға жеткенше» (1837-1838 жолдар) дейді. Бұған қараганда Құдеріқожа жырлаған дастан бұдан әлдеқайда көлемді болған немесе ол «Көрүғұлы» циклына кіретін бірнеше дастанды жырласа керек. Бұлайша ой тулоіміздің тағы бір себебі М.Көпееев:

Көрмеген жан қайдан білсін жайымды,  
Құнан, дөнен, құлын, бесті, тайымды.  
Тірі жүрсем, иншалла, сөйлермін,

Күндіз бенен бар қып жұлдыз, айымды (1827-1830) – дейді. Көрүғұлының асырап алған баласы Faуазханға арналған бірнеше дастандардың сюжетіне Faуазханның Құндызы, Жұлдызы есімді қыздарға үйленуі, сол жолда көрген қындықтары арқау болады. Ендеше мысалға алынған шумақтың соғығ жолы Жолмұрат Жүсіпұлы көшіргендегі «Күндіз бенен бар қып жұлдыз, айымды» емес, «Құндыз бенен бар қып Жұлдызыайымды» болуы керек деп ойлаймыз.

Ал Молда Мұқан Mashanov өзі жырлаған нұсқаның сонына Ақбілектің кіслік парасатына мадақ айта келіп:

Көрүғұлының мәшінүр болып ерлігі,  
Талай жерге таныс болған бектігі.  
Мұнан кейін білсөңіздер қиссасы,  
Хасанхан мен Әуезхан ендігі, –

дейді. 1885 жылы X. Мирбабин Қазан қаласында бастырған «Үшбу Faуазханның қиссасы-дүр» атты нұскада [4] Көрүғұлының Faуазханды алған сапары баяндалады. Ендеше Молда Мұқан сол жырды меңзеп отырған болса керек. Бірақ оның аталған нұсқаны жырлағаны туралы дерек жоқ. Өзге нұсқаларда мұндай қосымша мәлімет, деректер берілмеген.

### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Жирмунский В.М. Народный героический эпос. М-Л., 1962.
2. Әзібаева Б. Фольклор мәтінтануы: қағидалары мен міндеттері // Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүтіні. – Алматы, 2009.
3. Әзібаева Б. Көрүғұлы сұлтан өлеңі (ғылыми түсініктеме) / Бабалар сөзі. 48-том. – Астана, 2008.
4. OFK. III.3048.

### REZUME

A.Akan (Almaty)

THE OPTIONS COMMON TO TURKIC PEOPLES DASTAN KORUGLY SULTAN  
OLENI " (or" Song Sultan Korugly)

The article discusses the features and compared with each other alternatives and variants of a common Turkic peoples Dastan Korugly Sultan oleni "(or "Song of the Sultan Korugly").

## **С.Музаффарова. Өзбек халықтарындағы жоқтау жанры.**

**Сақыпжамал МУЗАФФАРОВА**

### **ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖОҚТАУ ЖАНРЫ**

*В статье рассматриваются древние узбекские жанры фольклористики. Роль и особенности обычая, традиции узбекского народа в природе их семантики, рассматриваемые в контексте тюркских народов.*

*Yazar folklorun en eski jandarundan olan ağılı değerlendirdi. Oluş özbek örf adetlerindeki yeri ve özellikle türk halkları açısından incelemiştir.*

Түркі халықтары өмірінде ат күлтінің ерекше орын алғаны белгілі. Түркі текстес халықтар жоқтауларын зерттеу, үйрену барысында ат күлтімен байланысты түрлі рәсімдерді кездестірдік.

Ежелгі түркі халықтарында, сондай-ақ өзбектерде ер кісі қайтыс болса, оның атын жабдықтаپ, үстіне марқұмның киімдерін төсеп, әулиенің ортасына алып келіп қойып, айналып жүріп жоқтау айту салты да кездескен. Бұл салт өзбектерде «ат төрлады» деп аталған.

Азалы жиындарда марқұмның атының айналасында айналып жоқтау салудың ерекше тарихи маңызы болған. Бұл салт ат күлтімен байланысты көзқарастардан қалыптасқан. Себебі түркі халықтарында ежелден-ақ ат - адамның жолдасы, туысқаны, қанаты деп қаралған. Сондықтан «Китаби Дәдам Қорқут» эпосының (дастан) кейіпкері Бамси Бейрек өз атына қаратады дейді: «Сені ат деп айта алмаймын, сені адам деп атаймын.... Сені досым деп атаймын».

Атақты өзбек фольклортанушысы Х.Зарифовтың жазуы бойынша ат туралы тотемистік көзқарастар түркі халықтарында жақын замандарға дейін белгілі болған. Жаман көзден сақтайды деген ойда аттың бас сүйегін есіктің алдына іліп қою рәсімі жайында көп жазылған (осы рәсім кейбір түркі халықтарында қазір де кездеседі). Сондай-ақ, жақсы ат өлгенде оның бас сүйегін көгендеп қою сияқты ырымдар ежелден кең тараған.

Орта Азия халықтарының этнографиясын зерттеумен айналысқан ғалым Б.Х.Кармышева Фергана облысында өмір сүретін өзбектер арасында азалы жиындарда ат тотемистік белгі ретінде жақын күндерге дейін сақталғандығын дәлелдейді [1. 181].

С.П.Нестеров түркі халықтары өмірінде, әсіресе, азалы жиындарда ат күлтінің тұтқан орын туралы тоқталып, ежелгі түркілерде атты құрбандаққа шалу салты болғандығын арнайы қайталап көрсетеді. Оның айтуды бойынша ат алмыш салт үш түрлі көріністе іске асырылған [2. 143].

1. Марқұм және оның атын бірге жерлеу салты.
2. Марқұм және оның атының бас сүйегін немесе терісін бірге жерлеу салты.

## ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

---

3. Марқұм мен оның атының жабдықтарын бірге жерлеу салты.

Кейбір кездерде аты өлгендеге оны иесінің киімдері және кару-жарағымен бірге жерлеу салты да болған екен. Азалы кездерде осындай салттардың сақталып қалуы марқұмға ана дүниеде де ат керек болады деген пікірден қалыптасқан.

Сондай-ақ, кейбір тарихи деректерде марқұмды аттың терісі, бас қаңқасы, жабдықтарымен бірге жерлеу салты туралы мағлұматтар да кездеседі. Себебі ежелгі қарапайым халық арасында аттың дене мүшелері о дүниеде атқа айналып, марқұмға қызмет етеді деген пікір қалыптасқан.

Деректерге қарағанда, байыргы сақ тайпаларының өмірінде үлкен рөл ойнаған тарихи тұлғалардың қайтыс болуына байланысты айтылған жоқтаулар мазмұны мұнды, рухы қайғы-қасіретпен айтылуы жағынан қазіргі жоқтаулардан ерекшеленбейді. Түркі халықтарының қаһарманы Алып Ер Тоңғаның қайтыс болуы Тұран мемлекетінің құдіретін біршама бәсендегі, мемлекет аумағына дүшпандардың басып кіруіне себеп болды. Мұндай басқыншылықтар бірлескен түркі тайпаларын бейберекетсіздікке алып келді. Сондықтан түркі қауымы Алып Ер Тоңға өліміне:

Алып Ер Тоңға өлді ме?

Иесіз айың қалды ма?

Ақыр ақын (құнын) алды ма?

Енді жүрек айрылар [3, 52], -

деп жоқтау айтқандығын білеміз.

Өзбек халық жоқтауларының образдар жүйесімен танысу арқылы мынадай пікірге келдік. Халық жоқтаулары ең алдымен, отбасы мүшелері, жақын туған-туыстары қайтыс болуына байланысты айтылады, сондай-ақ ел арасында даңққа бөленген, елдің атағын басқа елдерге танытқан палуандар, ерлер және басқа да, абыройлы адамдар қайтыс болғанда да айтылған. Профессор Б. Сарымсақтың пайымдауынша, өзбек халқы арасында даңқы шыққан шабандоздар жайлы шығарылған жоқтаулар да кездеседі.

Осы жоқтауларда, шабандоздардың әдел-құлқы, батылдығы мен мәрттігі, жалпы барлық жақсы қасиеттері ерекше бейнеленген. Ең бастысы, қайтыс болған шабандозға жоқтау айтқанда оны жақын туыс тартып «беу, ағам» деп айтылған. Бұл ел ардағы болған азаматтардың халықтың жүргегіне барынша жақын болғанын сипаттайды.

Арғымақ атын арытпай, беу ағам,

Алған жарын жасытпай, беу ағам,

Не күн туды басына, беу ағам.

Атқа мініп ақыздай, беу ағам,

Сырты сұлу құндыздай, беу ағам.

Маңдайы қүнге қүймелен, беу ағам,

Табаны жерге тимелен, беу ағам,

Иығы жерге тимелен, беу ағам,

Сәлемсіз есік ашпаған, беу ағам [3, 53].

## С.Музаффарова. Өзбек халықтарындағы жоқтау жанры.

Немесе:

Айлар қиялап батар ма,  
Алтында жерде жатар ма,  
Алтын сынды беу ағам,  
Кара бір жерде жатар ма [3,58].

Әйгілі шабандоздарға арналған жоқтаулар бір жағынан түркі халықтарында ат күлтінің кең таралғандығымен байланысты болса, екінші жағынан шабандоздардың өмірде, халқының саяси мәдени өмірінде үлкен орын алудың де ерекшеленеді. Қалай болғанда да, шабандоздарға арналған жоқтаулардың түр-сипатын анықтау барысында олардың жаңа рәміздік образдар, метафоралармен бейнеленгендей анғардық.

Отбасында аталар аман болса, мұндай отбасы бақытты, берекелі саналған. Себебі үлкен өмір тәжірибесіне ие болған қарттар үйге береке береді, жастарды дұрыс жолға салады. Олардың өмірден өтуі әрбір отбасы үшін үлкен қайғы саналады [4.103]. Міне сондықтан өзбек халқы жоқтаулары арасында аталар мен аналарға бағышталған жоқтаулар өте көп кездеседі. Өзбек шаңырағында атадан кейінгі орында әже, енелер тұрады. Әжелердің қайтыс болуына бағышталған арнайы жоқтаулардың кейбір үлгілері бар. Олардың бірінде әжелердің тыным таппай жүретіні, балалары мен немерелеріне қамқорлығы, тез ашуланып, тез басылуы және мейірбандығы өзіне тән образды ой-пікірмен көрсетілген:

Құлақ ұрып құр кеткен, беу әжем,  
Бала бағып рахатын көрмеген, беу әжем,  
Көктемнің жаңбырында жауып өткен, беу әжем,  
Патшаның қосынындағы қонып өткен, беу әжем [3. 246].

Әжелерге тән жетекші қасиеттер жоқтаудың әрбір қатарында өзіне тән ұқсатулар арқылы жарқын көрсетілген. Жоқтаудағы «құлақ ұрып» сөзі әжелердің ширақтығы, үй-жай көркеюі, үйдің берекесі үшін қайғырып, ешкімді де тыныштыққа, жауапсыздыққа қоймайтын, баршаны өз міңдеттін шын ниетпен аяқтауға тынбай үндеп тұратын, жақсы іс үшін құлақтарын тыншытпай, әйтсе де ақыр соңында бұл дүниеден құр кететін әжелер ісі қысқа, алайда өте анық сипатталған. Жоқтаудың екінші қатарында әжелердің немерелеріне қарауы, үлкендердің қажет істермен шүғылдануын қамтамасыз етудеі қызметтері айтылған. Үшінші, қатарындағы «көктемнің жаңбырындағы» әрекеті өте нәзіктікпен табылған және әжелер сипаттамасының ең өзекті қырларын жарқын ашып беруге қызмет етеді. Одан соң көктем жаңбыры күтпеген жерден қатты жауады, алайда оның бұл қарқыны тез өтіп кетеді де, күн шығып бір сәтте бар жақты жылдың жібереді. Мұнан басқа, көктем жаңбыры өсімдіктердің өсіп-өнуі, әлемнің тазаруы үшін қажет нәрсе. Отбасында да әжелер балалар немесе үлкендердің теріс істеріне бір сәтте наразы болып, оларға қатты ренжиді және тез арада ашуды тарқап, оларға мейірбандық жасайды. Әжелердің бұл ерекшеліктері көктем жаңбырындағы жылды әрі пайдалы.

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010**

---

Демек, жоқтау шығарушылар әжелерге тән типтік белгілерді, ерекшеліктерді өте нәзіктікпен жырлап, орынды теңеулермен бейнелей алған.

Бір ғана жоғарыда көлтірілген шумақпен танысу әжелер образына тән жетекші қасиеттерді образды тілмен жинақтап берген. Жоқтау қатарларының әрбірінде, образдың бір қырын ашып беру арқылы оның жинақы бейнесін топтастырып беру осы жаңрға тән образ жасаудың белгілеуші тәсілі саналады.

Өзбек халқы жоқтауларында әке образы бүкіл салауаты, ұлылығымен бейнеленген. Одан соң әке – отбасының тіргі, жаңып тұрған шырагы. Сондықтан да жоқтауда перзентерінің сенімінде еш өлмейтіндей әсер қалдырыған әкениң өлімі жаңып тұрған шырақтың кенеттен сөнуіне, күз мезгілі болмай қазан болған баққа тенеледі:

Биік таулар пәс болды ма, беу әкем,  
Өлгегеніңіз рас болды ма, беу әкем,  
Жел соқпайын сөнген шырагым, беу әкем,  
Күз келмейін қазан болды бағым, беу әкем [3, 36].

Немесе:

Жібектен ескен арқаным, беу әкем.  
Әсте үзілмес деп едім, беу әкем.  
Темірден соққан қорғаным, беу әкем,  
Әсте бұзылмас деп едім, беу әкем [3, 305].

Осы жоқтаудағы марқұм әке образына тән сипаттарды көрсететін теңеу мен метафораларға назар аударыңыз. Қарапайым кенептен есілген арқанмен салыстырғанда, жібектен есілген арқан мықты болады. Демек, әке перзент үшін қарапайым адам емес, одан соң қарапайым адамдар өлсе де, әкелері өлмейді. Перзент үшін әке бұзылмас темір қорған, басқа қорғандар бұзылса да, темір қорған берік болуға тиіс. Әйтсе де, қайырымызыз өлім перзенттер көңіліндегі жібек арқандар мен темір қорғанды жоқ етеді, сондықтан да олардың көңілдері тас-талқан болады. Жоқтауда әке өлімінен сарсанға түскен балалардың рухы, қайты-қасіреті бүкіл шынайылығымен анық көрсетілген.

Төмендегі жоқтауда әкеден жетім қалған балалардың өксік өмірі анық теңеулер, рухани параллелизмдер ашып берілген:

Биік-биік дуалдар, беу әкем,  
Жанбыр жауса құлайды, беу әкем.  
Сізден қалған жетімдер, беу әкем,  
Телміріп кімге қарайды, беу әкем [3, 245].

Халық жоқтаулары рәміздік образдарға бай. Одан соң марқұмды өз атымен атау немесе отбасының қайсы мүшесі екенин тікелей айту бұл жаңардың табигатына тән емес.

Кейбір жоқтауларда марқұмға салыстырып қолданылған рәміздік образдар халықтың мықты сенім әсерлеріне негізделеді.

Мекке мен Мәдінам- әкем,  
Сүйенген тағым- әкем.

## С.Музаффарова. Өзбек халықтарындағы жоқтау жанры.

Қаражатқа базарым- әкем,  
Зияратқа мазарым- әкем.  
Кешкіліктे жүлдизым- әкем,  
Күндіздері апتابым- әкем.  
Үйіміздегі шырағым- әкем,  
Бағым, байлығым - әкем [3. 249].

Егер назар аударсаныздар, жоқтаудың әрбір қатарында марқұм әке образы әлдебір нәрсемен байланысты түрде сипатталғанын көруге болады. Мысалы, мұсылман әлемінде әке - перзент үшін Мекке мен Мәдина сияқты қасиетті, ол перзент үшін демеу, ауыр шактарда сүйенетін тақтай берік, сенімді адам, өмірде не қажет болса, әке балаға тарту ететін «базардай» мырза адам; қасиетті мазардай сыйынуға лайық адам; ол қап-қара түндерге сөule шашуы, перзенттің өмір жолын, келешегін көрсететін жүлдиз, перзенттің таусылмас мейір-шапағатымен жылтытуши, ер жетуге мүмкіндік жасаушы баға жетпес адам.

Сондай-ақ халық жоқтауларында әрбір образдың толығымен, кең ұсақ-түйегіне дейін бейнеленуі кездеспейді. Оларда образдың жақсы қасиеттері, іс-әрекеттері және сыртқы келбетті әрдайым оң жағынан, жалпы тәрізде сипатталады [5, 58]. Бұл әдет, түркі халықтарында кең тараған марқұмдар жайлы жаман сөйлеуге болмайды деген пікірден қалыптасқан. Кейбір жоқтауларда әкелердің перзенттерге қамқорлығы, небір еңбек және машиқатпен өсірген балаларының рахатын көре алмай көз жүмғандығына ашыну сарыны көрсетілген:

Алыс жерге кетпеген, беу әкем,  
Бізді мұқтаж етпеген, беу әкем.  
Перзенттерін өсіріп, беу әкем,  
Мұратына жетпеген, беу әкем [5. 303].

Тарихи деректерге назар аударсақ, өзбектерде XX ғасырдың ортасында қала мен ауылдарда арнайы кәсіби жоқтаушылар пайда болып, олар «жоқтаушы», «гүянда» деп аталған [2. 148]. Олар абырайлы адамдар, халық арасында данқы шыққан қолбасшылар қайтыс болғанда шақырылған. Ал қолбасшылар және шабандоздар жөніндегі жоқтаулар түркі халықтары арасында ат күлтінің кең таралғандығымен байланысты екендігі белгілі.

Қорыта айтқанда, халық жоқтаулары образдардың қамтылу ауқымының кеңдігі, олардың нақты туыстық тамырларының бір-бірімен байланыстылығы жағынан фольклор жанрларының арасында ерекше орын иеленеді [5. 56].

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Кармышева Б.Х. Архаическая символика в погребально-поминальной обрядности узбеков Ферганы. –М.: «Наука», 1986.

2. Несторов С.П. Конь в культурах тюркязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековье. –Новосибирск: «Наука», 1990. -143 с.
3. Саримсақов Б. Узбек маросим фольклори. 1 том. Т., «Фан», 1988.
4. Басилов В.Н. Пережитки тотемизма у туркмен. ТИИЭ. Т.-Л., 1960.
5. Гулер. Фарғона халқ қушиқлари. Узбек халқ ижоди. Тупловчи: Х. Рассаков.-Т.: «Гафур Гулом», 1967. -249 б.
6. Бобојонов Й. Мотам маросимларига оид этнографизмлар // Узбек тили ва адабиети, 1997, 57-58-б.
7. Имамов К., Мирзаев Т., Саримсақов Б. Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди. –Т.: «Ўқитувчичи», 1990. -304 б.
8. Гусаев В.Е. Эстетика фольклора. –Л.: «Наука», 1967. -320 с.

**REZUME**

S. MUZAFFAROVA (Turkistan)  
ON THE GENRE OF MOURNING FOR THE UZBEK PEOPLE

This article discusses the ancient Uzbek folklore genres. The role and characteristics of customs and traditions of Uzbek people to the nature of their sementiki considered in the context of the Turkic peoples.

### Нөсербек ЗАҢӘДІУЛЫ

#### ОСПАН БАТЫР ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН АЗАТТЫҚ СОҒЫСЫ

*В статье говорится о героизме Оспан батыра в национально-освободительной борьбе Восточного Туркестана.*

*Yazar Doğu Türkistan milli bağımsızlık savaşında kahramanı Ospan İslamoğlu hakkında aynatlı olarak değerlendirmeye çalışmıştır.*

Қазақ халқы сан мың жылдық қанды тарихты басынан өткөріп, кешегі Сақ, Үйсін, Фұн және атағы жерді жарған Түрік қағанаттарының нағыз мұрагері, әрі қарашаңырақ иегері болыш қала алды. Оның айқын айғағы – бабалардың ыстық қаны сінген қазақтың ұлан-байтақ даласы. Сонау ықылым заманнан сол қазақ даласының айрылmas бір бөлегі саналатын, Шығыс Түркістанның XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы ұлт-азаттық күресі жайлы сез қозғалғанда, жұрт атақты Оспан батырдың егей есімін еріксіз еске алады. Елінің, жерінің ергені үшін, қаптаған қалың жаумен жан аямай арпалысып, ерлікпен құрбан болған дара тұлғаның даңқы жер жаһанды шарлаш, ерлік дастаны Еуропа, Америка елдеріне дейін тараған.

XX ғасырдың бастапқы жылдарынан бастап Гоминдан Шығыс Түркістанға билігін қүштейтіш, қазақтардан ат пен қару жинац, кезі ашық, көкірегі ояу ел тұтқаларын қамауга алып, ақырындац, көздерін құртып, отаршылдық аранын апа түскен қиын кез еді. 1940 жылы сол кезеңде Қытайды билеген Гоминдан партиясының Шығыс Түркістандағы отарыны өкілі Шыңшысайдың өктемдік саясатына, ауыр езгісіне қарсы Алтай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі тұтанды [1. 3]. Осы көтеріліске қатысып, ерлік көрсетіп, көзге түскен Оспан батыр Іслемұлы қысқа мерзімде ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысына айналады. 1944 жылы Әкпар, Сейіт бастаған Иле қазақтарының көтерілісі тұтанды. Осылайша Алтайдан басталған ұлт-азаттық қозғалысы біртіндеп бүкіл Шығыс Түркістанға кеңейш, Гоминданың, яғни оның жандайшабы Шыңшысайдың Шығыс Түркістандағы билігіне қауіп төндіреді. Кеңес одағының күткені де Шыңшысай билігінің әлсіреуі болатын. Сол себепті, Сталин Шыңшысайға қарсы Шығыс Түркістан ұлт-азаттық күрестерін қолдац, 1944 жылы Құлжа қаласында куыршақ Шығыс Түркістан үкіметін құрады. Оспан батыр 1945 жылы осы үкіметті қолдац, Алтай аймағының уәлиі болады [1. 3]. Оспан батырдың бұл өкіметті жаңын сала қолдаған себебі, бұл өкіметке тेңаға болыш түркішіл, діншіл Әлихан Төре төрағалық етіп, шынайы Шығыс Түркістан халқының тілегіне, мұддесіне сай жұмыс жасағандығынан болатын. Алайда, 1946 жылы Әлихан Төренің шынайы Шығыс Түркістан мемлекетін құру жолындағы талшыныстары Кеңес одағының қолдауына ие

болмай, керісінше қатерлі саналып, 1946 жылы Элихан Төре Кеңес өкіметі тарапынан қолға алынды. Шығыс Түркістан өкіметінің басына кеңеспіл топ өкілдері келді. 1946 жылы Кеңес өкіметінің итермелуімен Шығыс Түркістан үкіметі мен Гоминдаң жағы келісімге келіп, біріккен өлке құрады [1; 2; 3]. Ал Шығыс Түркістан атауын қолдануға тиым салынады. Кеңес одағының тұп мақсатының біргіндеп Шығыс Түркістанды қосып алу екендігін және Шығыс Түркістан Өкіметінің шын мәнінде Кеңес өкіметінің қуыршағы екендігін толық таныш жеткен Оспан батыр 1946 жылы маусымның аяғында қуыршақ Шығыс Түркістан үкіметінен бір жолата ат кекіліп кесісіп, өзінің Алтай Қөктогай ауданындағы туған мекені Құртігे көшіп кетеді [1; 5; 6]. Ендігі жерде Кеңес одағы, кеңеспіл Монголия, қуыршақ Шығыс Түркістан өкіметі, Гоминданың 4 жақтан алғындаған қалың жаумен алысқан Оспан батыр Шығыс Түркістанды азат ел ету ұлы мақсаты жолында ұлт-азаттық күрестерін жалғастыра береді. Нәтижесінде Гоминданың Шығыс Түркістандағы негізгі құш әлсірейді. Ал Оспан батырдың қосыны молайып, атты жасақтары соғыс әдістеріне одан ары ысыла түседі. Оспан батыр Шығыс Түркістан әлкесінің ертеңі ушін сол уақытта ең қауіпті саналған, тізе қосқан орыс, қытай коммунистеріне қарсы бір мезет өзі әлсіреткен Гоминданымен, одан ары Америкамен құш біріктіруге дейін барады. Осыдан-ақ Оспан батырдың Шығыс Түркістаның келешегі үшін ешнөреден қаймықпайтындығын көруге болады.

Хасан Әралтай ағамызы Шығыс Түркістан өкіметін Кеңес өкіметінің қуыршағы деп атаған. Бұлай аталу себептеріне тоқталсақ, әуелі Шығыс Түркістан Өкіметі Кеңес өкіметінің қолдауымен құрылды. 1945 жылы жасақталған Шығыс Түркістан Ұлттық армиясының бас қолбасшысы орыс Палинов, штаб бастығы орыс Мажаров болды. 1946 жылы бас қолбасшы Кеңес тарапынан жіберілген қыргыз генерал Ыскакбек Мононов, бас штаб қолбасшысы қазақ Дәлелхан Сүгірбаев болды. Шығыс Түркістан Ұлттық армиясындағы 100 мың әскердің 60 мыңы қазақ еді. Кеңес жағы басында Гоминданға қарсы ұлт-азаттық қозғалысын қолдаш қарулы көмек беріп, әскер жіберсе, кейін келе, Шығыс Түркістан өкіметін құрып, Ұлттық армиясын жасақташ, жан-жақты қаржыландырып отырды [1; 6]. Кеңес тарапынан қолға алынار алдында Элихан Төрек 1946 жылы Оспан батырга Ләтіштен жіберген хатында Шығыс Түркістан өкіметінен жеріп шық деген мағына жатыр еді, кейін келе, Элихан Төре қолға алынған соң Шығыс Түркістан Өкіметінің басына Кеңеспіл топтарды Кеңес жағы өздері дайындағ әкеп жұмысқа қойды. 1946 жылы Гоминданымен бітім жасауға, 1949 жылы Қытай коммунистеріне қосылуға нұсқау берді. Кеңес жағы Гоминдаң билеген жағдайда Шығыс Түркістанды өзіне қосып алу мақсатында қолдаса, ал коммунист қытайлар жеңіске жеткен жағдайда Шығыс Түркістанды Қытай коммунистердің ешпісіне шепті. Осыдан-ақ Шығыс Түркістан өкіметінің Кеңес жағының қуыршағы екендігін толық таныш жетуге болады.

## **Н.Заңәділұлы. Оспан батыр және Шығыс Түркістан азаттық...**

Кеңес жағы мен 1949 жылы құрылған коммунистік Қытай халық республикасы өзара одақтас социалистік ел ретінде ымыраға келіп, ендігі жерде шығыс Түркістанды Қытай жағының еншісіне шешеді. Соның нәтижесінде кеңес жағының қолдауымен Уаң жін баспылығындағы Қытай халық азаттық армиясы Шығыс Түркістанға баса көктеп кіреді [1; 3]. Гоминдандаң жеңілген, қуыршақ шығыс Түркістан үкіметі Кеңес өкіметі тарапынан жинастырылған болатын, Қытай халық азаттық армиясы жеңістен жеңіске жетіп, қосыны молайыш, рухы тасқындаған сөті еді. Бір жағынан кеңес одағы да әлемдік социалистік құштерді барын сала қорғап тұрды. Алайда Оспан батыр отаншылдық қасиетінен таңбастан атты әскерлерін бастағ, өрекшеген қызыл қытай әскерін шығыс Түркістанға кірер жерінен Құмылдан бөгеп, құмда ашықтырып, құтын қапырады. Амал не қолдайтын артқы шебі жоқ Оспан батыр ақырына дейін жанқиярлықпен соғысып, қашыда қолға түсіп, 1951 жылы Үрімжіде 10 000 адамның алдында Қытай коммунистері жағынан атылады. Тұрынхан Законұлының «Оспан батыр» атты мақаласында Оспан батыр 50 мың адамның алдында атылған дедінген [1; 2].

Оспан батырдың күрес жолындағы өзіне тән ерекшеліктерін өз басым тәмемдегідей жинақтаған болар едім.

Біріншіден, Оспан батырдың Түркияға немесе Америкаға бас сауғалап кету мүмкіндіктерінен бас тартып, алдына не өлім, не тәуелсіздік екеуінің бірі деген мақсат қоюы.

Екіншіден, Шығыс Түркістанның тәуелсіз ел болуына қатер төндіретін 4 жақпен, атағ айттар болсақ, Кеңес одағы, кеңесшіл Монголия, қуыршақ Шығыс Түркістан өкіметі, Қытай Гоминданаң өкілі Шыңсырай өкіметімен бір уақытта қатар күресуі.

Үшіншіден, Қазақ халқының ғана емес бүкіл Шығыс Түркістан халқының бостандығы жолында соғысуы.

Төртіншіден, Шығыс Түркістанның ергені үшін Кенес одағы мен коммунистік Қытайға қарсы Америка елімен байланыс орнатып, қарулы көмек сұрауы.

Бесіншіден, халық азаттық армиясын бөгеп, састыруы. Осы арқылы Оспан батыр сол дәүірде басына бұлт үйірліген Шығыс Түркістанға иелік ететін бірден-бір өкіл екендігін айқын дәлелдеді.

Оспан батырды Қытайда өлі күнге дейін Қытай коммунистері түрікшіл, Шығыс Түркістаншыл банды, мемлекет территориясын бөлшектеуші деп дәріштеп келеді. Сол коммунистік идеяның ықпалына ұшыраған бір бөлім адамдардың Оспан батырға негізсіз айыптар тағуы таңданарлық жайт емес. Менің ойымша, қазақта Оспан батырдай қараланған және халық арасында ерекше құрметке боленген батыр жоқ. Түркия сапарымда көптеген ғалымдармен идеологтардың Оспан батыр менің жүргегім деп ұрандатқанын көріп, еріксіз көзіме жас келді. Біз тұлғамызды олардай қадірлей алмашызы. Қазақ даласының шығыс бөлігін қорғау жолында

шашит болған ұлт-азаттық күрсін үлкен қүшке айналдырыш алшауыт елдерді тіксіндірген ұлы тұлғаның ерлік өмірі жас үрпаққа өнеге.

Бүгінгі күнде де Оспан батырға еріп соғысқа қатысқан немесе оны жақын таныған көне көз қарияларды Шығыс Түркістан жерінен көп кездестіресіз. Солардың бірі Алтай қаласында тұратын жасы 80-нен асқан ұлты қытай зейнеткер Шадиә ақсақал Оспан батырдың 1948 жылы Қытайдың Гансу өлкесінде коммунистермен сұрашыл соғыс жүргізгенін және бұл соғыста Оспан батырдың Қытай халық азаттық армиясына ауыр соққы бергендейгін мақтана баяндаса, Шығыс Түркістан төңкөрісі жауынгері марқұм Қираят ақсақал Оспан батырдың батырлығы мен адамдық қасиетін ете жоғары бағалайды. Ақсақал батырды ете көшіл болған оның қол астында қытай ұлтының өкілдері де жұмыс атқарған деседі.

Оспан батырды елге анағұрлым таныту мақсатында немересі Өркө Нәби бас болыш халықаралық «Оспан батыр» қоры құрылған. Осы қор Оспан батырды еске алу мақсатында республикалық айтыс өткізіш, әйгілі қолбасының киелі аруағын бір тербетті. Ал өткен жылы Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастырының бастамасымен Алматы қаласында Оспан батырдың тұғанына 110 жыл толуына орай жер-жерден Оспантанушы галымдар шақырылып халықаралық конференция ұйымдастырылды. Сол жылдың желтоқсан айында Түркістан қаласында А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Досай Тұрсынбайұлы Кенжетай, түркиялық Махир Накип қатарлы галымдардың ат салысуымен «Оспан батыр және Шығыс Түркістан» атты конференция өтті. Ал түбі бір түрік елінде, Стамбул қаласында, әйгілі Топ кашы сарайы жанында Оспан батыр атында көше бар. Керек десеңіз Оспан батыр туралы шежірелерді Европа, Америка елдерінен де көп кезіктіресіздер. Өз басын өлімге байлаап елін, жерін қорғаған Оспан батырдың аты ешқашан да өппейді.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Оспан батыр (деректі зерттеу). Алматы, «Орда», 2007. 179 бет
2. Шыңжаның жергілікті тарихы. Үрімжі. 1982. 768 бет
3. Шыңжаның үш аймақ төңкөріс тарихы. Пекин, 2000.
4. Халифа Алтай. Алтайдан ауган ел. Алматы, «Атажүрт» баспасы. 2000. 190 бет.
5. Қожай Дақасұлы. Офицердің қойын дәптерінен. Пекин, «Ұлттар» баспасы, 1996. 290 бет
6. Қостай Жақияұлы. Дәлелхан генерал. Пекин. «Ұлттар» баспасы, 2002. 178 бет
7. Хасан Оралтай. Елім-айлас өткен өмір. Алматы, 2005.

#### **REZUME**

#### **N.ZANADILULY (Turkistan) HERO OSPAN AND THE WAR OF LIBERATION OF EAST TURKISTAN**

The article says about the heroism of Ospan knight in the struggle for national liberation of East Turkistan.

---

---

## ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

---

Ясины ҚУМАРУЛЫ

### КӨШПЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА ЖАЗЫҚ ӘН, КҮЙ, БИ МӘДЕНИЕТИ

*В статье говорится о влиянии северных кочевников на литературу и культуру Средней равнины Китая, и уточняются историческими фактами.*

*Yazar kuzey göçmenlerinin Çin'in Orta düz edebiyatına, kültürüne uaptığı tesiri tanıtılmaktadır.*

Тілді мәнерлең, үйқастырып қолдану, ән айту, би билеу, күй тарту – адамзатқа ортақ мәдениеттік құбылыс. Адамзат мәдениетіндегі таңғажайыш құбылыстардың бірі саналатын ән, күй және билердің алғашында нeden, қалай пайда болғандығы туралы қазірге дейін бірлікке келген айқын көзқарас жоқ. Бұл мәдениеттің ең алғапында қалай қалыптасқандығы туралы сенімді дәлел де кемпін. Әркім оның төркінін әр түрлі болжайды. Қытай ғалымдарының кейбіреуі Қыыр Шығыстағы алғашқы күй әуендері Яңшаш мәдениеті (б.з.б.5000-б.з.б.3000 аралығында Сарыөзеншің жоғары және орта ағысына тараған) дәуірлерінде пайда болған деп қарайды. Терістік көшпелілерінің әні, күйі, биінің қашан пайда болып, қандай күйге жеткендігі туралы да тым арғы заман жазба деректері жоқтың қасы. Бұлардың көптеген деректерін біз жартас суреттері, жаңа тас дәуірінің қыш бұйымдарына салынған өрнек суреттері және басқа да археологиялық деректер мен азыз-әпсана сияқтылардан байқай аламыз. Осында жартас суреттерінің ең бір бірегейі — Шинжияңдағы Тәңіртауының орта теріскей бетіндегі әйгілі Құтыби жартас суреттері [1]. Онда ер-әйелі бар неше ондаған адам біркелкі тізіліш, бірдей құмылмен аса ұйымды әрі тәртішті күйде биге басқан. Егер адам жаңын елітетің, құлақтан кіріш бойды алар әсем ән мен тәтті күй болмайынша, соңша көп адамның бұндай бірдей қалышпен масаттана биге басқан көрінісінің болуы да мүмкін емесі белгілі. Құтыбидегі тоptық би жартас суретін ғалымдар Сақтардың көркемөнерлік туындысы ретінде бағалайды. Демек, сол дәуірлерде терістік көшпелілері, әсіресе біздің арғы аталарымыздан болған сақтардың әні, күйі және би жоғары деңгейде дамыған. Осы кезде жекелей ғана емес тоptық ән, күй, билер де қалыптасып болған. Құтыбидегі тоptық би бейнеленген жартас суретіндегі көріністер оның жоғары деңгейдегі дамыған кезеңнің суреті. Бұндай сауықтың терістіктегі тарихының одан әлде мындаған жылдар арыда екендігі күмәнсіз.

Би адамзат ең алдымен жасампаздаған өнерлерінің бірі болуы мүмкіндігін ғалымдар үнемі ауызга алады. Өйткені, адамзат қуанганда, шаттанғанда, ерекшеле табиғиенде, бірі-біріне ерекшеле жан сезімін бейнелегенде биге басқандай қымыл шыгаратындығы тым арғы заманнан бар құбылыс болуы мүмкін. Ол дәуірде бұл арнаулы көркемөнерлік қымыл

болмаған. Ал бидің бақылардың құдіретті күштен байланыс жасаудағы, иесі мен киесін шақырудады, жын-шайтардарды қуалаудағы құралына айналуы, басқа да түрлі шаманизмдік мұрасымдарда пайдаланылуы оның саналы көркеменерлік қимылға айналғаннан кейінгі құбылыс болса керек.

Ғалымдар шаман дінінің пайда болған және өрбіген ортасы ең әуелі терістіктең Евразия даласы екендігін алға тартады. Егер бидің шынайы көркеменерлік өнерге айналуы шаман дінімен байланысты болса, онда бидің ең алдымен жетілген орнының да Евразияның терістік даласы екендігін молшерлей аламыз.

Терістік көшшелілерінің ең байырғы жазба деректері саналатын жартас суреттерінен әнді де, күйді де байқауға болмайды, қайта осыларға салыстырмалы түрдө би көріністері ең мол жолығады. Терістіктең арғы заман жартас суреттерінде адамдардың би билеген көріністері жиі ұшырайды. Бұл сол дәуірде әннің де, күйдің де барлығын білдіреді. Өйткені ойнақы ән-күй болмаса бидің де болуы мүмкін еместігі кімге болса да белгілі жай.

Қытайдың орта жазығында күй мен бидің пайда болғандығының алғашқы дерегі де тым арыдан жолығады. Тибет үстіргінің шығыс терістігіндегі Чинхайдан жаңа тас дәуірінің Ма жияяу мәдениетіне (马家窑文化) тән реңді қыш табақ табылған. Оған үш топ бес-бестен өзара қол үстасып би билеген көріністегі адам суреті салынған. Олар жені тар, денеге нығыз қапталған, етегі тізеге дейін түскен киім киген. Бастьраша орауыш ораған. Киімдерінің етегінен артына қарай құйрық шығарылған [2]. С<sub>14</sub> бойынша саралағанда, осыдан 5000 жылдың алдындағы туынды екендігі анықталған.

Дәл осы қыстақтан осындағы арыстан тісті, қабылан құйрықты бес адамның қол үстаса биге басқан көрінісі сызылған жауырын сүйек табылған [3]. «Тау-төңіз шежіресінде» Шиуанмудың арыстан тіс, қабылан құйрықтылығы айтылады. Ал, ғалымдар осы Шиуанмуды батыс терістіктең көшшелі Сақтардың көсемі ретінде таниды. Қытайдың орта жазығының батыс терістігіндегі Гансу, Чинхай жерлеріндегі Ма жияяу мәдениетінен (马家窑文化) және де қыштан қүйдірілп, бегі терімен қапталған бел дабылы табылған [4]. Міне, бұлар Қытайдың орта жазығының батыс терістігіндегі далалық өнірлерде жаңа тас дәуірінде ән, күй, билердің ең алғаш дамығандығын ұғындырады.

Кейбір қытай ғалымдары Қытайдың орта жазығындағы (Киыр Шығыстағы) алғашқы күй өуендері (五声音阶) Яңшаша мәдениеті дәуірінде (б.з.б. 5000-ж – б.з.б. 3000-ж ) қалыптасқан деп қарайды. Яңшаша мәдениетін ішінәра ғалымдар терістік көшшелілерінің мәдениетімен төркіндестіреді [5]. Ал, ішінәра ғалымдар ән, күй, билердің төркіні – адамдардың ең алғашқы діни салттары, яғни ән, күй, билердің шамандық рәсімдердің туындысы деп

## **Я.Күмарулы. Көпшелілер және Қытайдың орға жазық ...**

---

біледі [6]. Жаратылыстан тысқары құдіретті күшпен байланыс жасаушы ерекше адамдар (бақсылар, сөуегейлер, білгірлер, т. б.) үстеріне әлем-жәлем киімдерді киіп, қолдарына күй аспаштарын алып, би билең, ән айтып, құдіретті күшпен байланыс жасайды, иесін шақырады, жын-шайтандарды қуалайды, тілеу тілеп, болашақты болжайды, т. б. Байқасаңыз, бұндағы ең бір қарымды құрал және де қызыл тіл төрізді. Олардың ауыздарынан шығатын сез – жайшылықтағы қарапайым сөздер емес, жанды да, жалынды, ер кеуде, ершімді, өңменнен өтіш, өлгенге жететін, тілеуді қолдаң, құдіретті қозгайтын, үйқастап келіп, ойқастап кететін әдеби тіл. Қазіргі өлең-жырдың аргы төркіні шындығында осы сөздер болар. Біздің ата-бабаларымыз жасаған Евразия даласы осындаған нағыз-сенімдердің ең алғаш жаратылған өндірі болуы мүмкін. Азияның терістігінде өркен жайыш шар тараңқа тараған байырғы шаман діні дәл осындаған мәдениеттің басты төркіндерінің бірі болар. Азиядағы шаманизм мен Америка үндістеріндегі шаманизмдегі қыруар үқастықтарға қарағанда, Евразиядағы шаманизмнің 10 мың жылдың аргы жағында пайда болғандығын білуге болады. Бұл біздің әдебиетіміздің аргы сорабының да тым арыда жатқандығынан дерек береді [7].

Шаман бақсыларының басына үкі тағыныш, денелеріне түрлі шашақты киімдерді киіп, биге басқан көріністері Азияның терістігіндегі жартас суреттерінде көп жолығады. Қазақстанның Баянжүрек жартас суреттері мен Шинжияның бардақұл жартас суреттерінде осындаған шамандық бейнелер осыдан 3500 жылдың алдындағы туындылар деп бағаланған [8]. Осы жартас суреттерінде бейнеленген бақсы образы тек бақсылық киім киіп, жын шақырумен ғана тынбайды. Олар дабылын соғып немесе басқа күй аспаштарын шертіп, би билейді. Сонымен қоса әнге басады немесе тақташ атын атаң, түсін түстеп иесі мен киесін шақырады, жын-шайтандарды қуады. Міне біз бұлардан біздің ата-бабаларымыздың әнінің, биінің, күйінің және әдебиетінің бастау көзінің тым арыда жатқандығын біле аламыз. Шығыс дүниесіндегі шаман бақсыларының қимылы туралы ең алғашқы жазба деректер Қытайдың Шаң дәүіріндегі сүйек жазуынан жолығады. Сүйек жазуларында Шаң патшасының бал ашып, жауын-шашынды, аншылықты және жорықтар мен соғыстарды болжагандығы жазылған [9]. Тіпті бал ашып, болжал айтту құқығы тек Шаңдардың патшасында ғана болған. Онда Шаң патшасының биге басып, жаңбыр тілегендігі, түс жорығандығы жазылған.

Сүйек-сауыт бейнелі жазуындағы биді білдіретін 舞 иероглифінің алғашқы бейнесін сүйек-сауыт бейнелі жазуын зерттеуші синологтар екі қолына сиырдың құйыршығын ұстап биге басқан адамның бейнесі деп шешеді. Бұндағы шамандық ие-киеге нану салты кейіндеп эстетикалық түске көшкендігі туралы мысалды, қытай жазуындағы көркем дегенді білдіретін 美 иероглифінен де байқауға болады. Осы иероглифтің сүйек-сауыт жазуындағы алғашқы көрінісі басына үкі тақсан адамның бейнесі болған. Демек, басына

ұқі тағудай шамандық, тотемдік құбылыс кейін эстетикалық мәнге ауысқан. Ал, қос қолына шашақ (құйыршық) ұстап биге басқан шамандық қимыл кейін сауықтық би болған. Тағы да осы сияқты Қытайдың шығыс терістікегі Чин хайдан табылған жаңа тас дәүірінің реңді қыш табағына қол ұстасып би билеген адам көрінісі салынғанын, олардың киімдерінің етегінен артына қарай құйрық (бөрінің құйрығы тәрізді) шығарылғандығын жоғарыда бағынадық. Бұлардың барлығы алғашқы билердің ең байырғы шаманизммен байланысты екендігінен дерек береді. Басына ұқі тағу қазакта қазірге дейін әрі тотемдік, әрі әсемдік түс алады.

Демек, би арғы заманда бастысы аруақ, ие-кие шақыруға, тәңірмен байланыс жасауға қолданылған. Ол кезде адамдар жауын-шашын тілегенде, жорыққа аттанып, соғысқа қатынасқанда аруақтан, ие-киеден жәрдем тілеуде би билец, қүй шертіш, желеп-жебеу тілеген. Бұндай әдет Терістік Азияның көшшелі ру-тайшаларында жалпы беттік бар құбылыс екендігі белгілі. Америка үндістерінің ру басыларының басына таққан құс қауырсындары дәл осы шаманизмнің туындысы екендігі белгілі. Эйгілі қытай тарихшысы Жаң Гуаңжы мырза Қытайдағы шаманизмнің арғы сорабын 5000 жылдың арғы жағынан басталатын Сарыөзен және оның терістігіндегі жауырыншылық салты мен түрлі хайуанат бег суреттеріне дейін апарады [10]. Шындығында шаманизммен мәнерлі сөз, әсем ән, тәтті күй, ойнақы бидің байланысты екендігі белгілі. Дегенмен, тым арғы замандардағы терістік көшшелілерінің Қытайдың орга жазығының ән, қүй және би мәдениетіне жасаған тікелей әсері туралы жазба тарихи деректер кемшіл. Алайда, біріншіден, шаманизмнің алғашқы бесігінің Еуразия даласы екендігін; екіншіден, аталған салттардың Еуразия көшшелілері мен Америка үндістерінде (олар Азияның терістігінен барғандар деп қаралады) осы замандарға дейін сақталуынан; үшіншіден, арғы заманғы Шаңдардың терістік көшшелілерімен байланыстылығынан; төртіншіден, археологиялық негіздерден (жартас суреттері, қыш бұйымдардағы өрнектер) Қытайдың орга жазығындағы алғашқы би үшқындары терістік сахараасымен байланысты деген қорытындыға келеміз.

Сенімді тарихи деректерден терістік көшшелілерінің ән, күй, би мәдениетінің Қытайдың орга жазығына ауқымды әсер жасағандығының бізге белгілі тарихи кезеңдері - Хан патшалығының (б.з.б. 206ж. - б.з. 220ж.) соғыс дәуірі, Жин патшалығы дәуірі, Таң-Соң патшалығы дәуірлері және Юань, Чин патшалықтары дәуірлері.

Қытайдың орта жазығында Хан патшалығынан бұрынғы патшалық құрған Шия (б.з.б.22ғ. - б.з.б.17ғ.), Шияң (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.), Жоу (б.з.б.11ғ. - б.з.б. 771ж.) және Чин (б.з.б. 221ж. - б.з.б. 206ж.) әулеттерінің барлығын түп еселі бірыңғай Қытайдың орга жазық егінші тұргындары деп айтуға болмайды. Бұлардың кем дегенде жарым-жартысының терістік көшшелілерімен байланысты екендігін ғалымдар үнемі дәріптеп келеді.

## **Я.Күмарулы. Көшшелілер және Қытайдың орта жазық ...**

---

Ендеше, осы өңірдің ән, би, күй мәдениетіне сол замандардағы терістік көшшелілерінің де үлесінің аса зор болғандығы табиғи.

Чин-хан (秦汉: б.з.б. 221ж. - б.з. 220ж.) дәуірінен кейінгі Қытайдың орта жазығындағы күй аспаптарының мұлде көп бөлегінің батыс терістіктері көшшелілер арқылы келгендігі ғылымда дәлелденген шындық. Ал, одан бұрынғы замандарда иеліктен Қытайдың орта жазығына терістік көшшелілерінің күй аспаптары кірмеген? Бұл біріншіден, сол замандарда Қытайдың орта жазығына терістік көшшелілерінің күй аспаптары мен күйлері кірмеген емес, қайта Чин-Хан дәуірінен ілгерігі бұл жағындағы жазба деректің жоқтығынан. Адамзат Сарыөзен алабы мәдениетін алғаш жарата бастағаннан-ақ осы өңірден терістік көшшелілері ірге бөліш көрген емес. Тіпті бір бөлім ғалымдар байырғы заманда Сарыөзен алабын Заң-Миян тілді отырықты егіншілер емес, қайта терістікте Алтай тілді көшшелілері қоныстанған деп қарайды (桥本万太郎 (Хашимато): «Gengo ruikei chiri ron». 1978ж, Токио. Қытайша басылымы. 1985 жыл, Бейжин, 72-76-бет). Екіншіден, Хан патшалығынан (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж) ілгері, яғни хан патшалығының ешісі Жаң-чиянның батыс өңірге саяхатынан бұрын Қытайдың орта жазығында оның оңтүстігіндегі Чу (Чу – қытайдың тарихында, Чаңжияның орга-төменгі ағарында мың жылға жуық хандық құрған ел. Ол Шаң <商> әuletі тұсында елдік құрып, Чин <秦> әuletі Қытайды бірлікке келтіргенге дейін өмір сүрген) елінің ән-күйі негіз болған. Көптеген қытайтанушы ғалымдар осы Чу (楚) елін құруышыларды, кем дегенде олардың аксүйектерін терістіктері көшшелі ұлыстардың ұрпағы деп санайды. Тіпті кейірі олардың тегін баба түркі тілділерден қарастырады. Қазіргі дәуірде сол оңтүстіктері Чаңжияң алабында Чин (秦: б.з.б. 221ж. - б.з.б. 206ж.) дәуірінен ілгері Мың жылға жуық әкімият құрған Чулардың (楚) құрамынан шыққан Мияу, Иі, Тужия т.б. ұлттардың салттық жырларында форма жағынан қазақтың салттық жырларына ұқсайтын көптеген ұлғілер бар. Иізу, Тужия ұлттары өлімде жоқтау айтады, жақынымен айырылысқанда, қыз ұзатқанда көріс айтады. Байзу, Миязу ұлттарының қызы-жігіттері өлеңмен айтисады, т.б.

Қазірге дейінгі Қытай тарихындағы тарихы ең үзақ саналатын әдеби туынды - Күңзы құрастырган «Жырнама» (诗经). Ол халық арасынан жиналған өлеңдер жинағы. Ал, Чу елінің әйгілі ақыны Чуй Юанның өлеңдері яғни «Чу өлеңдері» (楚诗) бірден-бір ең ертедегі авторлық әдеби туынды саналады [11]. Оның қытай әдебиеті тарихындағы орнын басқа әрқандай туынды баса алмайды. Біздің Чу өлеңдерін алға тартуымыздың мынадай себептері бар:

Біріншіден, қытай әдебиетінің қайнар көзі, ең басты тұнық бұлағы сапалатын «Чу өлеңдерін» оқысадыз, оны қазіргі көзқараспен қарағанда Чаңжияңың орта-төменгі ағарындағы отырықты, егінші елдің ақсүйегі жазған өлең емес, қайта, Қуаңхы бойы немесе оның терістігіндегі дала мәдениетіндік шаман мүритінің «бақсылық сарыны» деп қалуыңыз да мүмкін. «Чу өлеңдерінің» тұла бойынан шаманизмнің іісі аңқыш тұрады. Тіпті, оның кей өлеңдерін шынайы түрдегі шаман бақсыларының «жын шақыруы» деуге болады. Чүй Юаньың өлеңдерінде, «бақсы менен кәлшелер, жұпар ііс себінің, әлем-жәлем кийіп, күймен бірге еліріп, биге баса желігіп, иелерін шақырады» [12]. Қытай этнографы Лин Хы мырза өзінің «Қытай бақсылық тарихы» атты еңбегінде, Чүй Юанды Чу елінің бақсысы (巫官) деп жазады [13]. Ол оның әдеби жасампаздығын түгелімен діни әдебиетке жатқызады [14]. Чүй Юаньың «Тәңірден сұрау», «Тоғыз жыр» атты өлеңдерін бір бөлім ғалымдар, ертедегі Вавилон ертегілері негізінде жазылған десе, енді бір тобы, байырғы Қытайдың батыс терістігіндегі көшшелілердің халық жырлары негізінде жазылған деп қарайды [15].

Әйгілі тарихшы профессор Фан Уынлан Қытай байырғы заман мәдениетін Қытайдың орта жазық «орда тарихшыларының мәдениеті» және Чу елінің «орда бақсыларының мәдениеті» деп екіге бөледі [16]. Міне, бұлардан Қыры Шығыстың әнін, күйін, биін және әдебиетін дамытудағы рөлінің қашшалық зор болғандығын анғаруға болады.

Екіншіден, тарихшы Фан Уынлан «Орда бақсыларының мәдениеті» атаған әйгілі «Чу мәдениеті» мен терістік көшшелілері мәдениетіндік байланысы туралы «Алыстағы ата мұра» атты монографиямда арнайы баяндаған болатынын («Алыстағы ата мұра» (Ұлттар баспасы, 2003 жыл, Бейжиң). Әйгілі қытай тарихшысы Сын Жоңмиян мырза да дәл осы Чүй Юаньың өлеңі «Айырылышудағы» (离骚) бірқыдыру жеке сөздердің төркінін терістіктері түркі тілдерімен төркіндестіреді («中山大学学报» 1961年第 2 期). Үшіншіден, Чүй Юан өзінің шаманизмдік сарын аңқыған, күнлүн тауышан екі елі айырылмайтын, оның үстінен аз да болса түркі сөздерін араластыра жазған (жогарыдағы айтылған Сын Жоңмиянның көзқарасынша) өлеңі «Айырылышудағы» (离骚) сөз төркінін баяндауынан оның терістік көшшелілерімен байланысты екендігін білеміз. Қытайдың ән-би тарихына үцілсөзі, Сарыөзеннің терістігіндегі көшшелілер мен Чаңжияң өзенінің орта-төменгі ағарындағы Чулардың ән, би және музыкашылығында Қытайдың орта жазығына қарағанда дамыған күйде екендігін білуге болады. Қытай байырғы жазба деректеріне негізделгенде, Жаң Чиянның батыс терістікке жасаған алыс сапарынан ілгері Хан патшалығының музыкасы негізінен атақты ақын Чүй Юаньың мекені – Чулардың ән-биін өзінен өрнек еткен [17]. Бұның себебі де осы өңірде Қытайдың орта жазығына қарағанда

## **Я.Күмарулы. Көшшелілер және Қытайдың орга жазық ...**

шаманизмдік дала мәдениеті ұзақта дейін дамып, дәурендеғендігінде болса керек [18]. Ән, би, күйдің байырғы замандағы ең негізгі қоздырушы күші – шаманизм Қытайдың орга жазық жерінде тым ерте шектеуге ұшырай бастаған. Фалымдар бұны Қытайдың орга жазығындағы қытай ұлтында ән, би және күйдің басқа ұлттарға қараганда артта қалуының басты себебі деп қарайды [19]. Мозы, Шия патшалығын (б.з.б.22ғ. - б.з.б.17ғ.) аударған алғапқы Шияң патшасы Шияңнан бақсылыққа тиым салғандығын жазады [20]. Жоғарыда айтқанымыздай, Шияң патшаларының бақсылыққа ие екендігі, соңдай-ақ, олардың бал ашып, сөүегейлік айтып, бақсылық ойнау құқығының патша немесе патша өүлетіндегілердеғана болуына қараганда, Шаң патшалары ерекше құқыққа ие санаулы адамдардыңғана бақсылықпен айналысұына жол қойған. Кейде, Шияң патшалары бақсылардың басы (群巫之长) аталып отырған [21].

Аргы заман жазбаларында Чиндердің (秦) Номдардың (戎: терістік көшшелісі) ән-күйіне беріліш, одан қайта Шаялардың (қытайдың) әуеніне қайтқандығы туралы баяндалады [22]. Чин(秦) ұлсысы бұрын батыстағы шеткегі шағын ел болған. Қытайдың орга жазығының өзіне қаратуын (教化) кепшрек қабылдаған. Алайда, орта жазыққа беріліп, «Ном-тиек» (戎狄: сол кездегі терістік көшшелілері) мәдениетінен тез бой тазарттып, Қытайдың орга жазық мәдениетін игергендейдіктен оның бір мүшесіне айналып, орга жазықтықтардың (諸夏) қабылдауына ие болды [23].

### **Хан (汉) патшалығы дәүірі (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж)**

Б.з.б. 138 жылы, Хан елінің 30 жасқа толмаған жас елшісі Жаң Чиян (张騫) Хан патшалығының астанасы Чаң-аннан жолға шығып, батыс терістік өңірге елшілік сапарға шығады. Жол-жөнекей ғұндарға қолды болып, ғұндардың елінде он жыл түрүп, ғұн ақсүйегінің сиырын бағады, әйел алып, бала сүйеді. Кейін ғұндардың ішкі дүрбеленін пайдаланып қашып шығып, Чаң-анға оралады. Ол осы реткі сапарда көздеген нысанана жете алмағанымен, батыс терістік елдерінің салт-санасы мен заттық мәдениеті туралы қыруар мәлімет әкеледі. Арада бес жыл өткеннен кейін Хан патшалығының патшасы Хан Уди Жаң Чиянға жүздеген нөкер ілестіріп, аса мол мал-дүние, тарту-таралғымен екінші рет батыс терістіктеңі Уйсін еліне сапарға аттаныпрады. Осы жолы Жаң Чиян Уйсін еліне сапарға келеді және Бактрия, Қаңлы, Наште, т. б. елдерімен байланыс жасайды.

Жаң Чиянның осы реткі табысты сапары туралы Буманың қырқыншы музыка тарауында: Жаң Чиян батыс өңірге елшілікпен барғанда «Махадолық» (摩诃兜勒) атты кернай-сырнай, дабыл-даңғарамен орындалатын күй жанрын ала келіп, Қытайдың орга жазығына таратты.

Лиянның 5 жылы 28 тарауга аударып, түсіндірді – деп жазылады. «Жиннама · музика шежіресінде»: Хыңчүйде Шуанжияу болғандықтан ол қулардың күй аспабы. Жаң-чиян батыс өңірге барғаннан кейін батыс музикасы «Махадолық» (摩诃兜勒) бар болды. (横吹有双角, 乐也. 张博望入西, 传其法于西系, 惟得〈摩诃兜勒〉一曲.) - деп жазылады [24] Осы баяндағы 横: батыс, батыс өңір; 吹: кернай-сырнай, дабыл-даңғара күй аспабы. Бұдан тек хыңчүйде (横吹) дегенің өзінің батыс өңір күй аспабы деген мағынада екендігін білеміз. Хыңчүйдің (横吹) Кужиау (胡角) деген тағы бір аты болған. Ал, Кужиау (胡角) туралы «Қытай музика сөздігінде»: «Ол дабыл-даңғара, кернай-сырнай күй аспабының армияда ат үстінде күй орындағынын хыңчүй күй аспабы. Ол батыс өңірге шуанжияу деген атымен әйгілі» (即鼓吹乐中用作军中马上之乐的横吹. 以采用西域双角而得名.).

«Ханнама» батыс өңір баянында», «Соңғы ханнамада» және Жин Фуюанның «Пиша мен өлең сөзге кіріс сөз» сияқты тарихи еңбектерде жазылуынша, Хан патшалығы дәуірінде ғұндар, үйсіндер жаратқан дабыл, сыйбызы, боздауық, шипа, ғежек сияқты күй аспаптары Қытайдың орга жазығына таралған. Сонымен бірге Қытайдың орта жазығының жетіген, күй тақта, 13 ішекті шертер және қоңырау, барабан сияқты күй аспаптары Қытайдың орга жазығынан терістік көшшелеріне таралған.

Жаң-чияннан кейін батыс терістікке хан елшілері шығып тұрды, олар иран, үнді елдеріне дейін барды. Жаң-чиянның батыс терістікке сапарынан кейін, батыс пен шығыстың мәдениет алмасуы жеделдеді. Қытайдың орга жазық мәдениеті батыс терістікке таралып, батыс терістіктің мәдениеті Қытайдың орга жазығына жетіп жатты. Батыс өңірден әкелінген заттар Хан патшасы Хан Уиды шаттыққа бөледі. Ол Чаң-ан қаласының батысындағы патша бақшасында ерекше сарай салғызады. Сарайдың қақшасына Анни арыстанының мүсінін қойғызады. Сарайдың ішіне Үнді totықұсының суретін салғызады. Батыс өңірдің істендерігішін тұтатады. Анни қатарлы елдердің түйекұс жұмыртқасы мен кристалл табағын қойғызады. Сарайға жақын маңдағы батыс өңірден әкелінген түйежоңызқа мен үзім егіледі. Орман бағында батыс өңірден әкелінген арыстан, тоты, шіл, түйе және тұлшарлар бағылады.

Қытай күй аспаптарында терістік өсерінен пайда болған күй аспаптарының бір түрі - ат үстінде ойналатын күй аспаптары. Шижен ханшаның үйсіндерге ұзатылғанда жол бойы ат үстінде ойнайтын күй аспаптарымен жүруін қытай жазба деректеріндегі ат үсті күй аспаптары туралы ең көне тарихи дерек деп айтуга болады..

Ат үстінде ойналатын күй және күй аспабы байыргы дала мәдениетінің үлгісі. Ат үстінде ойналатын күй дегендік – көшшелердің күйі дегендік.

## **Я.Күмарулы. Қөшпелілер және Қытайдың орта жазық ...**

Хан дәуірінде Қытайдың орта жазығында жылқы міну қалыштасқанда, жылқы үстінде ойнайтын күй аспабы да таныс бола бастаған болуы мүмкін.

Жоғарыда баяндалған батыс өңірден келген дабыл-даңғара, кернай-сырнай күй аспаптары (鼓吹乐) туралы «Қытай музика сөздігінде» былай түсінік беріледі: «Хан дәуірінен бергі еліміз дәстүрлі күйлерінде, ұрмалы-соқпалы күй аспаптары мен ұрлемелі күй аспаптарын негіз еткен орындау формасы мен күй аспаптары жаңры болды. Оның алғашындағы бастылары барабан(鼓), жың (钲: әскери шеруде пайдаланылатын жезден жасалған сапты дабыл), шияу (萧: сыйызғы), жия (笳: қу күй аспабы) сияқты күй аспаптары болған. Оған үнемі жыр қосылып айтылатын болған».

«Күй мекемесі жыр жинағында»: «Хыңчүйдің (横吹: батыс өңір күй аспабы ) тегі дабыл-сырнай күй аспабы.... Онда шияу (萧: сыйызғы), жия (笳: қу күй аспабы) болғандықтан дабыл-сырнай күй аспабы саналады. Оны тасаттық беру, тәңірге тәуел етулерде пайдаланады. ... Онда дабыл, мүйіз аспаптары болғандықтан батыс өңір күй аспабы (横吹) аталып, ат үстінде ойналады» деп жазылған [25].

Қытайларда ерте заманда қисса айту әдеті (дастанды өлеңдетіп жатқа айту) болмаған. Уаңчин (王青) мырза бұның себебін мынадай үш жақтан іздейді: «Көшіп жүрге үйлесетін мәдениет оргасы жоқ, жанға ала жүріш, шертетін күй аспабы тапқырланбаған, тілінде және тоны (дыбыс ырғағы) бар» [26]. Міне, сондықтан да терістік қөшпеллерінің ән, күй, би және басқа да өнер көрсету үлгілерімен ұштастырылған әдебиет-көркеменер жасампаздығы Қытайдың орта жазығындағы халықтардың әдебиет-көркеменеріне молынан қабылданып, тез таралып, кең көлемді қоғамдық өнім берді. Ол Қытайдың орта жазық әдебиет-көркеменерінің халықтық тұс алуына тамаша шарт-жағдай жаратты. Демек, Қытайдың орта жазығында хан дәуірінде ат үстінде ойнайтын күй және күй аспабы болған. Бұл терістік қөшпеллерінің әсерінен келген.

Тарихи деректерде жазылуынша, Хан дәуірінде Лин-ди (灵帝) қулардың киіміне, кигіз үйіне (胡帳), төсегіне, отырысына (малдас құрыш отыру болса керек, батыс терістіктер малдас құрыш отырады), тағамына, конкуына (箜篌: көне замандағы бір түрлі көп ішекті шертепті музика аспабы. Оның жатқызып қойып шертетін де, тігінен қойып шертетін түрі де бар, ішек саны аз болғанда бес, көп болғанда он екі болған), сыйызғысына, биіне (би билеу) қызыққан. Астанадағы өзіне жақын игі жақсылар түгелдей оған еліктеген, бұл бір мезеттік ауқымға айналған.

Хан патшасы Лиң-дидің кулардың тағамына, шарабына және ән, күй, биңе өуестенуі оған саяси жақтан шүбә әкелді. Бір белім тарихшылар Лиң-дидің кулардың мәдениетіне берілуін сын тезіне алды. «Соңғы Ханнамада»: «Лиң-ди кулардың шелшегіне өуестенгендіктен астанадағылар жаштай кулардың шелшегін жеді. Бұл кейінгі Доң Жоудың қу өскерлерімен астананы алудына сәйкесті» деп жазады [27]. Яғни сол заманың бір белім адамдары Лиң-дидің кулардың мәдениетіне өуестенуін Хан патшалығының жойылуға бет алғандығының нышаны деп қараган. Іс жузінде Доң жоудың бүлігі Лиң-дидің кулардың мәдениетіне өуестенуінен емес еді. Ал, Хан патшалығының жойылуы да сыртқы шашқыншылықтан емес, ішкі бүлктен болғаны көшке белгілі жай. Міне бұлардың барлығы терістік көшшеллерінің мәдениетінің Қытайдың орта жазығына қаншалық терең әсер-ықпал жасағандығын үғындырады.

#### **Уй-Жин(魏晋) патшалығы дәуірі (б.з. 220ж - б.з.420ж)**

Қытай тарихында терістік көшшеллерінің ойын-сауық мәдениетіне берілуі тек хан патшалығы дәуірінде ғана болған емес, дәл осындай кулардың мәдениетіне берілу ауқымы Батыс Жин (西晋) патшалығы дәуірінде тағы бір рет өрлеу алыш, ұқсас айыптауга ұшыраған. Жин патшалығы түсындағы оқымысты Ганбау: «Кү төсегі, мо табағы (мо — шығыс терістігіндегі байыргы көшшелі ұлттың аталуы), дилердің күралсаймандары, қияндардың ет асуы, молардың ет қақтауы, дилердің тағамдары сияқтылар Чиншыхуаңнан (б.з.б.265 ~ б.з.б.275) бергі қытайдың өуестенетін, бай-манаптардың жиятын мүлкі болды. Игілікті іс, құтты қонақтардың барлығында осылар алда жүрді. Міне бұл номдар мен дилердің қытайға шашқыншылық жасауының нышаны еді» деп жазады [28]. Бұдан батыстар-терістік тағамына өуестенудің Қытай тарихындағы сілемінің тым арыда жатқандығын, оның үстіне Қытайдың орта жазығында терістіктің тағамы ғана емес ыдыс-аяғының да ерекше қарсы алуға ие болғандығын білеміз.

Жин патшалығының соңғы мезгілінде Қытайдың орта жазық өнірінде терістік көшшелілерінің үстемдігі орнады. Сонымен терістік ән, күй, би мәдениетінің әсер-ықпалы тағы бір рет Қытайдың орта жазық аумағын күшті шаршыды. Бұл ретте терістіктегі сиянши, ғұп, қиян (羌) сияқты көшшелі халықтардың ән, күй, би мәдениетіне ғана емес және басқа мәдениеттерінің де Қытайдың орта жазығына ықпал әкелгендігі даусыз.

Тарихта Қытайдың орта жазығына еніп ірге тепкен, әкімият құрған терістік көшшелілері өз соға басы ғана келіш қоныстанған жоқ. Олар терістіктен Қытайдың орта жазығына өз мәдениетін де ала келді. Бұлардың ішінде көшшелілердің әдебиеті де бар екендігі анық. Қытайдың орта жазығына қоныстаныш, Қытайдың орта жазық халқына айналғаннан кейін, олар Қытайдың орта жазығының саяси, экономикалық және түрлі мәдениет

## **Я.Күмарулы. Көшпелілер және Қытайдың орта жазық ...**

құрылыштарына белсene атсалысты. Сол қатарда Қытайдың орта жазық елін басқа терістік көшпелілерінің шабуылынан қорғау күресіне де қатынасты. Кезінде оңтүстік ғұндар Қытайдың орта жазығына сіңгенмен кейін, терістік ғұндардың Қытайдың орта жазығына жасаған шабуылына қарсы құреске қатынасты. Тіпті, кей қытай ғалымдары терістік ғұндарды талқандаған Қытайдың орта жазығына қоныстанған оңтүстік ғұндар деп те қарайды [29]. Терістік көшпелілері Қытайдың орта жазығында әкімият құрганнан кейін, байыргы қытайдың салты бойынша ән-күй мекемесін құрды. Бұрынғы ғұндар құрган, сиянилдер құрган, тағыбаттар құрган әкімияттардың барлығында ән-күй мекемесі болды. Олар халық арасындағы ән-күйлерді жинап, пайдаланумен бірге, оқымыстыларға арнаулы мекеме ән-күйлерін де жасатты. Мұрұң (慕容氏) әuletінің әкімиятын (北周) аударып тастап, 386 ~ 534-жылдары әкімият құрган (北魏) Тағыбат (拓跋氏: Табғач да делинеді) әuletтері де ән-күй мекемесін құрды. Мұрұң (慕容氏) мен Табығат әuletі тілі де, салты да үқсас бір ұлт және олардың ән-күйі араласып, тоғысып кеткен. Мұрұң-тағыбат ән-күйлері аласапыран жаугершілік заманда толық сақталып қалмаған. Олардың бір бөлегі терістік Уй хандығының (яғни тағыбаттар құрган хандықтың) ән-күй мекемесінде сақталған. «Уинама · күй шежіресінде» жазылуынша, терістік Уй хандығының соңғы мезгілінде, халық ән-күйлеренен 500-дейі сақталған. Алайда «Таңнама · күй шежіресінде» Таң дәүіріне жеткенде небарі 53 күй ғана қалғандығы жазылған. Соғыс аласапыраны және тілдік айырмашылық салдарынан бұлардың тек бір бөлегі ғана қытай тіліне аударылып, сақталып қалған. Бұлардың кейбіреулері Оңтүстік Қытайға таралып, оңтүстік хандықтар мекеме күйлерінде сақталған. «Күй мекемесінің өлеңдер жинағында» (乐府诗集) «Ертеден қазірге дейінгі күй естелігінен» (古今乐录) цитат алыш: «Лияң хандығы кезіндегі дабылданғаралы батыс күйлерінде» (梁鼓角横吹曲), «Арман» (企喻), «Ланя бек» (琅玡王), «Жүйлу қаныша» (钜鹿公主), «Күлгін торы» (紫骝马), «Сағыныш» (黄淡思), «Дала әні» (地区乐歌), «Торғайдың тірлігі» (雀劳利), «Мұрұң жыры» (慕容辞), «Лоң дәриясының басы» (陇头流水) сияқты 36 күй сақталған деп жазылады [30]. Бұлардың ішіндегі «Арман», «Жүйлу қаныша», «Күлгін торы», «Сағыныш», «Дала әні», «Торғайдың тірлігі», «Мұрұң жыры», «Ұлу дариясының басы», «Сынған тал бұтағы» (折杨柳枝歌), «Жымжырт даладағы жылқы коңырауы» (幽州马吟歌辞) сияқтылар тағыбаттардың Уй хандығы тұсының туындылары ретінде танылады [31]. Сиянилдер мен тобалардың бұл халықтық әндерінің сөзін қазір табу қын. Алайда оньц ән-әуен желісі соңғы дәүірлерге жалғасты әрі өз әсерін көрсетті. Бұндай

өлеңдерден «Лияң хандығы кезіндегі дабыл-даңғаралы батыс күйлерінде»- (梁鼓角横吹曲) «Арман» (企喻) қатарлы 36 өлең, «Күй мекемесінің кулардың күй аспабымен орындалатын көне күйлерінде» (乐府胡吹旧曲) және «Терен сай» (隔谷) сияқты 30 шумак өлең, «Күй мекемесінің өлеңдер жинағында» жиыны 66 өлең қамттылған [32].

Сиянпи-тағыбаттардың халықтық ән-күйлері негізінен «Дабыл-даңғаралы батыс күйлерінде» (梁鼓角横吹曲) сақталған. «Лияң хандығы кезіндегі дабыл-даңғаралы батыс күйлері» - он алты хандық заманындағы терістік көшпелілерінің ат үстінде орындағытын әскери күйі. Осы сияқты «Таннамада»: «Терістік тиектердің күйінде, Сиянпи, Тұйғұн (吐谷浑) және Бұлақшық (部落稽) үш елде түгелдей ат үстінде күй тартады. Соңғы Уй патшалығы дәүірінің күй мекемесі терістік әндерінен бастау алған, <Өулиенің ән салуы> деген осы» деп жазылады (北狄乐. 其可知鲜卑, 吐谷浑, 部落稽三国, 皆马上乐也. 后魏乐府始有北歌, 即所谓《真人代歌》是也.) [33]. «Таннамада» тағы, ат үстінде ойналатын күй дегендік – көшпелілердің күйі дегендік делінген [34].

#### Сүй-таң (隋唐) дәуірі (б.з. 581 ж - б.з. 907 ж)

Хан, Жин патшалықтарынан кейінгі батыс терістік көшпелілерінің ән, күй, би мәдениетінің орга жазық ән, күй, би мәдениетіне зор әсер жасаған тұсы Сүй-таң патшалығы дәуірі болды.

Терістік көшпелілері мен Қытайдың орга жазығы тым аргы замандардан бастап күй аспаптарынан тартып күй ырғақтарына дейін ауыс-күйісте болыш келгендігі жоғардағылардан белгілі. Күй ырғағы осылардың ішіндегі ең маңыздыларының бір бөлегі. Қытайдың орга жазығы мен терістік көшпелілерінің күй ырғағындағы ауыс-күйіс туралы шынайы дерек бізге «Сүйнамада» белгілі [35]. Қытайдың орга жазығының дәстүрлі күй ырғағы мен батыс терістік халықтарының күй ырғағындағы өзіндік айырмашылық кезінде Қытайдың орга жазығының орда күйінде ұзак уақыттық талас-тартыс тудырған. Бұны кейінгі қытай көркемөнерттанушы ғалымдары «кеңеспен күйді оңау» (议正乐) деп атасты. Батыс терістіктегі кулардың күйі Қытайдың орга жазық орда «қонағасы күйіне» (燕乐) ұзак уақыт әсер жасағ, өзінің сарының сіңіргендікten, бұл Сүй патшалығы құрылған алғашқы жылдары ордада орындалатын дастарқан күйлері туралы талас-тартыс тудырады. Сүй патшалығы құрылған екінші жылы (б.з. 582-жыл) бұрын терістік Чи (北齐 : 550--577) хандығының адамы Яңжы(颜之) Сүйгаузу патшага (隋高祖) «Си-сияптаң бүлініп, күй бұзылғалы ұзак уақыт болды. Бұл күнде дастарқан

## **Я.Құмарұлы. Қөпшелілер және Қытайдың орга жазық ...**

сазды күйлөрінде Қу өуендері (Кулардың ыргактары немесе күйлері) өлі де қосанжарлаш келеді. Лияң хандығы заманындағы елдің ескі салтына сай (冯梁国旧事), дәстүрді қайта қалпына келтіргейсіз» деп етініп береді. Терістік патшалықтар заманындағы Лияң хандығы әлдеқашан жойылғандықтан Сүйгаузу бұл ұсыныска дең қоймайды. Бұл кезде орда дастарқан күйлөрі терістік Жоу (北周) өуендерін негіз ететін. Гаузу патша орда күй мекемесін жаңалауды бүйірады. Бұл орда дастарқан күйі туралы талқыны тіпті де салқындасты. Кейін Жыңи (郑译) қатарлы оқымыстылар да патшага орда күйінің өуенін өзгерту туралы ұсыныстарды қойғанымен, алайда «бұл істің төркіні алыста болыш, күй ыргактары да шырма-шатуға айналғандықтан» патшалық құрылыш 7-жылға дейін (587-жылы) күй ыргагын өзгерту туралы ұсыныстан нәтиже шықпайды. Осыдан соң, Сүйгаузу патша күй өуендеріне қанық білімпаздарды ұсыныс етіп, уәзірлікке «Күй ыргактарын бекітуді» бүйірады. Осы жиналыста Жыңи өзінің Күсен күйшісі Сүтербадан (苏祗婆) «Қу пиасын» (胡琵琶) үйренген себебін және Күсен әйел күйшісі Сүтербаның күй өуені назариясының түйінін баяндайды.

Жыңи былай дейді: Терістік Жоу хандығы кезінде, Күсендік Сүтерба түркі нәсілден болған патша ханымына ілесіш елімізге келген. Ол қу пиасына шебер болған. Сүтербаның төркіні арғы атасынан күй қуалаған, оның әкесі Батыс өңірде аты шықкан күйші болған. Сүтерба жеті түрлі дыбыс ыргагын пайдаланған. Жыңи сөзін: орда дастарқан күйі мен Сүтербаның пиша күйі түгелдей бір ыргакта, жеті дыбыс ретінен құралған. Алайда жеті дыбыс ретіндегі жоғары дыбыс өзара толық сәйкесіш кетпейді, Қытайдың орга жазығының жеті дыбыс ыргагын Сүтербаның жеті дыбыс ыргағымен орындау тек бір түрлі зорға, ештең-септеш қиуластыруға дең жалғайды. Міне, бұл батыс терістік күйінің дыбыс ыргагы туралы ең маңызды әрі бірден-бір тарихи жазба дерек еді. Сүтербаның жеті түрлі дыбыс реті сол кезде байырғы санскрит тілінде (梵语) жазылған. Соңдықтан ғалымдар жеті дыбыс ретін батыс терістіктер арқылы Индиядан келген дең межелейді. Сүтербаның жеті түрлі дыбыс реті кейінгі Қытайдың орга жазығының орда күй ыргагы назариясына, тіпті, Жапонияның күй ыргагы назариясына дейін терең ықпал жасайды. Қытайдың орта жазығындағы Сүй, Таңдан тартыш Лияу, Соң патшалықтарына дейінгі 28 ретті орда күй ыргагы назариясы, тіпті, кейбір ыргақ аттарына дейін Сүтербаның жеті түрлі дыбыс ретін өзіне үлті етеді [36]. Терістік Уй патшалығы дәуірінде (386-534) барабан мен биді негізгі тұлға еткен батыс терістіктің «Иұрпан күйін» орданың әнші-биші әйелдері қабылдады. Эдебиет пен тарихи деректердің растауынша, Таң-Соң патшалықтары дәуірінде Қытайдың орга жазығына кең таралған «Ұлы күй» (大曲) батыс терістікте де болған. Таң патшалығы

дәуіріндегі орда қонағасыларында орындалатын бұндай әң, күй, би араласқан аса көлемді сауық өнеріне терістік көшпелілерінің әң-күй және билері барынша қамтылған [37]. Қытай жазба деректерінде, қаңлылардың әң, күй, би сияқты көркемөнерінің гүлденіп өркен жайғандығы және олардың Қытайдың орта жазығына дейін өрістеп даңққа бөлөнгендігі туралы мол мәлімет бар. Бұл деректердің дәлелдеуінше, қаңлыларда қос ішекті және бес ішекті музыка аспаштары, даш-дабыл, сыйбызы-сырналар болған (бұл да соңда). «Сүй патшалығы тарихы · музыка аспаштары тарауында»: Жоу патшалығының (терістік жоу) патшасы той жасаганда қаңлы елінің және күшірдің музыка аспаштарын алдырыды деп жазады [38]. «Таң дәуірінің естеліктерінде»: «Жоу Уди түрк қызын ханымдықта алды, батыс өнірдегі елдер оны құттықташ, күшір, сулы, қаңлы елдерінің музыка аспаштарын тойлыққа әкелді» делінеді [39]. Бұл мәліметтерден қаңлылардың музыка аспаштарының аса әйгілі болғандығы байқалады.

Таң патшалығы билік жүргізген дәуірде (618-907) Қытайдың орта жазығында қаңлы билері салтанат санатына көтерілген. Таң патшалығы дәуірінің ардагер ақыны Бай Жүй-иі өзінің «Биші бикеш» деген өлеңінде, қаңлы биін тамаша суреттеген.

«Биші бикеш ойқастаң,  
Оңға-солға бой тастаң,  
Жауған қардай қалықтаң,  
Құйындаі құйғыш шарықтаң,  
Мұдіруді білмеген,  
Бұрала толқыш билеген.  
Келішті бикеш қаңлыдан,  
Алты айшылық арыдан.

Жарыса зырлап күймемен,  
Көңіл толқыш күйменен.  
Бидің биік сарасы,  
Әлемде жоқ бағасы.  
Қол жеткісіз асылға  
Әр кімнің бар таласы,  
Алқа- қотан айналды,  
Жұрттың төре-қарасы» [40], -

Ақынның бұл өлеңінен қаңлылар мен Қытайдың орта жазығындағы халық арасындағы көркемөнерлік қарым-қатынастың тығыз болғандығы, қаңлы биінің бұл өлкелерге кең таралыш жүрг құмарта үйренетін өнерге айналғандығы байқалады.

Қаңлы елі (胡) мен Қытайдың орта жазық елінің қарым-қатынасы бастан-ақыр ерекше қою болған. Қаңлы елінің күй аспаштары мен би-күйлері Уй, Жин және онтүстік-терістік патшалықтар тұсында Қытайдың орта жазығына еніп отырған. Таң дәуірінде қаңлының күйі мен биі барынша жалшыласқан. Бұның ішіндегі ең әйгілісі қулардың «Айкөлек биі» болған. «Халық әндерінің естелігінде»: «Қулардың айкөлек биі шағын тоштықтамақтай орында шыр үйірішт ойнайтын биі. Биші бастан-ақыр бір орыннан озбайды, соңдай көркем келеді» деп жазылады. Таң дәуірінің әйгілі ақыны Бай жүйі өзінің «Кулардың биші қызына» атты өлеңінде: «Кулардың айкөлек биші қызы, қулардың айкөлек биші қызы, жүрек қылын шергеді, қолына алыш ойнаған дабылы. Дабыл сайрай жөнелсе, қолын өрге көтеріп, қарлы боран үрлекен қаңбақтай биге басады... Кулардың айкөлек биші қызы,

## **Я.Құмарұлы. Қөпшелілер және Қытайдың орта жазық ...**

қаңдыдан келген шығысқа он мың шақырымнан артық жол басып...» деп суреттейді. Өлеңде қаңдының айқөлек биін жанды суреттеп, қаңды бійнің қытайдың орта жазығында құлденіп-көркейгендігін, ордада хан мен қара, уәзірлер мен тоқалдарға дейін барлық адам шыр айланған билеуді үйренген көріністі және күйге еріп би билеп, ән салуды даңық санаған жора бейнеленген. Жазба деректерден тыс, Дахатаның (Дүнкуаңың) мугау ұңғарында қабырга суреттерінде бір жұп Кудың айқөлек би түсірілген. Суреттегі биді сүйемелдеген күй аспабының терістік қөшшелілерінің күй аспабы екендігі байқалады [41].

«Оңтүстік-терістік патшалықтарынан Сүй-тан патшалықтары дәуіріне дейінгі 500 жылға таяу уақытта Құсан күйі, Көтең күйі, Шалік күйі, Ұдын күйі, Үбір күйі, және Юрпан күйі сияқты күйлер мен осы күйлерді орындайтын әнші-күйшілер сан мәрте Қытайдың орта жазығына енген» [42].

Сүй-таң патшалықтары тұсында Қытайдың орта жазығына кең таралған «Ұлы күй» терістік қөшшелілерінің ән-күйін барынша қабылдаған. «Батыс өңірдің қариталы шежіресінде» күй тарауында: Сүй патшалығында тоғыз тараулы күй бар, Шилиян, Диму, Құсан, Шалік, Бұхара, Қаңлы – батыс өңір күйлері алтыншы орында тұрады» деп жазылған [43]. Таң патшалығының алғашқы кезі мен Сүй патшалығының соңғы кезіне келгенде Көтенің он тарауы қосылып, жалшылай «Қонағасы күйі» (燕乐) деп аталды.

Қытайдың орта жазығында сый-сыяп түзімі ертеден, кем дегенде Жоу патшалығынан бастап жалғасып, сый-сыяп түзімінде күй бір тұлғаландырылған, күрмет дастарқандары ән-күймен біріктірілген. Шия, Шияң, Жоу патшалықтары дәуіріндегі ән-күй бастысы үш түрлі болған: олар орда ән-күйі, халық ән-күйі және шет жұрттардың (терістік қөшшелілерін қамтыған) ән-күйі. Орда ән-күйі бүрынғы орда ән-күйлеріне мұрагерлік етумен бірге, халық ән-күйлері мен шет жұрт ән-күйлерін өңдеп қабылдаш отырған. Демек, бұлардан терістік қөшшелілерінің ән-күй мәдениетінің Қытайдың орта жазығына тым арыдан бері әсер көрсетіп келе жатқандығын білеміз. Терістік қөшшелілерінің ән-күй әсері бұдан кейінгі Чин-хан патшалықтары тұсында молайш, Уи-жин патшалықтары тұсында одан да күшнейш, Сүй-таң патшалықтары тұсында шарықтау шегіне жетті.

Таң патшалығы заманында Чаң-ан қаласы патшалықтың астанасы болыш қалмай, дүниеге аты әйгілі аса зор мәдениет, сауда және дін орталығы болды. Чаң-ан мен Ло-янда бір мезет адамдардың киім-кешек, ішіп-жем, жүрістұрыстарына дейін батыс терістікке еліктеу болды. Бұл ақын Юан жыңың (元缜) өлеңі «Фачүй»-де (法曲): «Шандатып кірген соң қудың жасағы, Шияң-яң мен Ло-янды жұн, еттің іісі тұмшалады. Эйел заты қуға тиіш, куша жасанды, куша ән әуендең, күй тарапады. ... Куша әндесіп, куша ат мініш, куша жасану, он бес жылдай торлады» (胡音胡骑与胡妆，五十年来竟纷泊), деп жазғаныңдай еді. Бұл кезде киім-кешек, ішіп-жем, ән-күй, билер түгелдей

сырттікі жақсы сезілді. Қолынан келгендер құша киініп, құша ішіп-жеп, құшарабын ішіп, құша сауық-сайран салды. Ақын өлеңдерінде құлар туралы шумақтар жазылды. Таң ақыны Жаңқу өлеңінде: «Кү аруының шарабына, алыстан жеткен актанау керімен. Үзіліп суға тұскен шам гүліндей, қалқыш барады жігіттің көңілі ерігев» деп толғаса, Ли бай: «Кү арудың келбеті гүл, күлкісі самал. Самалдай құлшы, жібек киген денесі бұрала биле басады, бүгін мас болмай оралармын ба аман-сая!» деп жазады. Ли бай құшарапханасының үнемілік қонағы болады. Ол өлеңінде: «Күміс ерлі кер жорғамен келемін, жасыл дала, мамық көшік үстінде. Себез жауып, самал есіп, гүл төгілді, қампы басып жетемін кү аруының шарабына» деп жыр төгеді.

Хан патшалығы дәүірінде болсын, одан сан ғасыр кейінгі Таң патшалығы дәүірінде болсын, барлығындағы тарихи және археологиялық деректерде терістік көшшелілерінің мәдениеті ішшек-жемек, киім-кешек, ән-күй, би барлық жағынан таралғандығын байқаймыз.

Бұлардан басқа Қытайдың орга жазығына батыс терістік арқылы «Арыстан би» мен «Ұлу би» енді. Таң ақындары «Қулар шықты арыстанша жасанып, Шилияңда ойнаш арыстан ойынын» деп жыр жазды (Шилиян: байырғы Гансу). Фалымдар арыстан би Қытайдың орга жазығына үндіден, парсыдан барған, ұлу би батыс өнірден енген деп дәлелдейді [44].

Таң дәуірі аяқталып тарих бес дәуір (五代十国: Соңғы лияң, Соңғы таң, Соңғы жин, Соңғы хан, Соңғы жоу дәуірі) заманына қадам қойғанда, Қытайдың орга жазығының мәдениетінде негізінен Таң патшалығының соңғы мезгіліндегі үлгі сақтады.

#### Соң (宋) дәуірі (б.з. 960ж - б.з.1279ж)

Таңнан (б.з. 581ж - б.з.618ж) Соңға (б.з. 960ж - б.з.1279ж) дейінгі өлеңдердің барлығында күй және би қосыла жырланады. Бұл Соң дәуірінде тіпті де жоғары белеске көтерілгендей байқалады. Әдебиет жалаң көркем сөздін тізбесі ғана емес, белгілі мағынадан алғанда, әусен, қимыл-әрекет, күй-би сияқты бейнелеу өнерлері де әдебиет қазынасын байытушы басты элементтер саналады. Әдеби туынды өз қабылдаушысына тек сөз және жазу үлгісімен ғана жеткізілсе, таралса, онда оның туғызыар ықпалы, халыққа берер өсері, даму, гүлдену жағдайы, ұршактан-ұршаққа жалғасып, таралуы, басты рухани азыққа және ағымға айналуы сияқтылардың барлығы кемелді жүзеге асуы мүмкін емес еді. Әдебиеттегі поэзия жанрының шайда болуы жазба әдебиеттен емес, бүкілдегі өн айту, ие мен кие шақыру, жын қуалаша, аруаққа жалбарыну сияқты көңіл-күй, жан-сезім, арман-тілекті жай үлгіден басқапта көркемдік, тылсымдық, терең сезімдік, таңғажайыш түсті үлгіде бейнелеуден келген. Қытайда жазу ерте қалыптасқанымен, қытай жазуын құраушы иероглифтердің саны мыңдаған-он мыңдаған таңбадан құралатындықтан (қытай жазуында бірі-бірінен парықты 60 мыңға таяу иероглиф бар) жалпы халық сауатты бола алмаған. Оның үстінен ол замандағы қытай жазуы қазіргідей қарашайымданырылған, арнаға түсірілген емес еді.

## **Я.Күмарулы. Қөшшелілер және Қытайдың орта жазық ...**

Иероглифтердің жазылуы күрделі, кейде бір иероглифтің бірнеше түрлі жазылу үлгісі жолығады. Соңдықтан қытайлардың ішіндегі хат танитын сауатты адамдар тым некен-саяқ болған. Халық әдеби жасампаздық үлгісінен ауыз әдебиеті, түрлі өнер көрсету (ән, би, күй орындау, ергегі айту, күлдіргі ойнау, қиса жаттау, ойын көрсету т.б.) және басқа да тікелей формалар арқылы сусындац, қабылдац және оған мұрагерлік етіш, таратыш отырған. Міне, соңдықтан да терістік қөшшелілерінің ән, күй, би және басқа да өнер көрсетуі үлгілерімен ұштастырылған әдебиет жасампаздығы Қытайдың орта жазығындағы халықтардың әдебиет жасампаздық барыстарына молынан қабылданды. Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнерінің кемелденеүне тамаша шарт-жағдай жаратыш берді.

Хан дәүірінен кейінгі Қытайдың орта жазық өлеңдерінде терістіктің ән, күй, билері екіншің бірінде жырға қосылатын болды. Тіпті, ең бір қанды қырғын сияқты традегиялық оқиғалар баяндалған өлең, дастандарда да терістік ән-күйі, билері мен киіз үйлері туралы өлең жолдары жолығын отарады.

Терістік Соң дәүірінде, солтүстікте Қытан (契丹) құрган Лияу және Түбет сыңды екі қөшшелі аз ұлт құрган әкімият болды. Кейін Мәнжүрлер құрган Жиң патшалығы Лияуды жойып, Соңның терістіктегі ең басты белдесіне айналды. Оңтүстік Соң патшалығы дәүірінде терістік сахарада бой көтерген Монғұл әулеттері Терістік пен түстікті бірлікке келтіріп, ұлы Юан империясын құрды. Міне осылардың барлығы Қытайдың орта жазық ән, күй, би мәдениетіне арт-артынан өзіндік өзгерістерді әкелип, терістік үлгісін сіңіріп отырды. Ән, күй, би мәдениетінде басқа мәдениеткө ұқсамайтын бір айрықша ерекшелік – онда бір ұлттың ұлттық белгісінің мен мұндалап тұратындығында. Бұл қасиет сонау тарихтан бұрынғы қадым замандардан тартыш мәдениет алмасу жоғары шекке жеткен, мәдениет шек-шекаралары барынша жойылған, тұтас адамзат мәдениеті барынша тоғысқан, жершарылануға бет алған бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Соң дәүіріндегі Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнерінің гауһарын Соң жырлары (宋词) деп айтуға болады. Соң жырлары (宋词) терістік қөшшелілері әдебиет көркемөнерінің өсерінде қалыштасқан Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнеріндегі бір тың құбылыс екендігі белгілі. Ол поэзия, ән-күй және билер бір тұлғаландырылған ерекше туынды. Қытайда жырдың (词) пайда болу жүлгесін оңтүстік-терістік патшалықтар дәүіріне дейін апаруга болғанымен, алайда, оның шынайы мағынасындағы әдеби жанрга айналуы (文体) Таң патшалығының орта мезгілінен кейін болды. Ол «Қонағасы күйі» немесе «Дастарқан күйі» (燕乐) негізінде құралған. Ал, «Қонағасы күйі» (燕乐) Сүй-таң мезгілінде қалыштасқан. Оның бұрынғы

«Сазды өуенмен» (雅乐) парқы – терістік көшшелілерінің ұлттық қуйін барынша қабылдаған. Жыр (词) – пайда болу, қалыштасу, даму, шарықтау шегіне шығу және қайта әлсіреу, тоқырау барыстарын бастаң кешірген 600 жылдан астам уақытта, батыс терістік әдебиет-көркемөнері мен Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнерінің арасындағы көп дәнекердің айтулысы. Ол қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнеріне өлшеусіз әсер-ықпал әкелді. Жырдың (词) терістік көшшелілері мен қытайдың орта жазығының әдебиетімен, әнімен, қүйімен және биімен болған байланысы аса үлкен тақырыш.

Қытайдың орта жазық ән, қүй, биінде әр дәуірде терістік көшшелілері мәдениегінің әсеріне ұшырамаған түр, мазмұн жоқ дерлік. Бұлардың ішіндегі «Қонағасы қуйі» (燕乐), «Еркін өуен» (散曲, 散乐), «Театр» (戏曲), «Зажүй театры» (杂剧), «Ән-би театры» (歌舞剧) сияқтылардың барлығы да солай.

«Еркін өуеннің» (散曲, 散乐) терістік көшшелілерінің қүй-музыкасымен байланысы жырдан да (词) қою. Ол Жин-юан патшалықтары (б.з. 1115ж - б.з.1368ж) тұсында орындалды. Оның қүйі бастысы Қытайдың орта жазық қүйі мен терістік көшшелілерінің қуйін негіз етті. «Ән-билі театр» (戏曲) - байырғы Қытайдың орта жазық әдебиет үлгісінің бір түрі. Қытайда «Ән-билі театрның» (戏曲) толысыш-жетілуі де бастысы Қытайдың орта жазығы мен терістік көшшелілерінің мәдениет алмасуының нәтижесінде орындалды. Қытайдағы «Ән-билі театрдың» (戏曲) тарихы Чиннен бұрынғы (先秦: б.з.б. 221-жылдан ілгері) дәуірлердегі «Күлдіргілік ән-би» (俳优歌舞) және «Күлдіргі ойынға» (滑稽戏弄) дейін барғанымен, алайда нағыз «Ән-билі театрдың» (戏曲) оңтүстік және терістік патшалықтар тұсында майданға келді. Осы мезгілде ән-би мен күлдіргі қосылып «Ән-билі театры (歌舞剧) қалыштастырыды. Бұндағы «Әскерге аттану» сияқты театрлардың барлығы терістік көшшелілерінің сауық ойындарымен байланысты еді. Таң дәуірінің «Ән-би театры» оңтүстік және терістік патшалықтар тұсындағыдан да дами түсті. «Ән-билі театрдың» (歌舞剧) шарықтау шегіне жеткен дәуірі терістік Соң дәуірінің соны мен оңтүстік Соң дәуірі болды. Бұл кезде оңтүстіктің өз театры болғанымен алайда ерекше ықпалды болғаны және терістіктің зажүй театры (杂剧) болды. Терістіктің «Зажүй театры» (杂剧) монғұлдардың Юан патшалығы дәуірінде дамып тіпті де кемеліне жетті [45].

Қытайдың орта жазығына терістіктен енген қүй аспаптары:

Чин-хан патшалықтары дәуірінде (秦汉时期):

**Сыбызы (笛):** Көлденең тартатын сыбызы, бұл үрлемелі музикалардың ішінде аса маңызды орында тұрады. Бұл күй аспабы қытайдың орта жазығына б.з.б. 1 ғасырда пайда болған. Галымдар бұл күй аспабының Қытайдың орта жазығына келуін қытай жиһангезі Жаң чиянның батыстарістікке сапарына (жоғарда баяндалған) байланысты деп қарайды.

**Чиць сыбызы (羌笛):** Бұл қазіргі сыбызының (箫xiao) төркіні болыш, батыстағы көшшелі үлттардың күй аспабы. Алдыңғы кезде төрг тесігі бар болыш, б.з.б. 1 ғасырда Қытайдың орта жазығына енгенмен кейін (б.з.б.77—б.з.б.37) тағы бір тесік қосылып, бес тесікті сыбызы болған.

**Жия (笳):** бұл бір түрлі үрлемелі күй аспабы. Қазір жоқ. Оның формасы да тарихи деректерде жазылмаған. Бұл – қытайдың орта жазығына басқа сырт үлттардан келген күй аспабы. Оның «кужия» (胡笳) деген түрі де бар. Ол қулардың (胡) күй аспабы екендігін білдіреді.

**Сырнай (角):** Үрлемелі күй аспабы. Жияу (角) қытай тілінде мүйіз дегенді білдіреді. Бұл сырнайдың алғашында мүйізден жасалғандығынан осылай аталған. Сырнай кейін ағаштан, қамыстан, теріден және мыстан жасала беретін болған. Сырнай Қытайдың орта жазығына терістікегі үлттардан келген.

**Конқу (箜篌konghu):** «Конқу» деп аталатын бұл шертпелі күй аспабы екі түрлі: Қытай ғалымдары оның жатқызын қойып шертетін түрін орта жазықтытар жасаған, ал тігінен қойып шертетін конқуды қытайдың орта жазығына терістікten келген, оның өуелгі аты «Кулардың конқуы» болатын деп жазады.

**Пиша (琵琶):** Байырғы заманың пишасы осы заманың пишасымен үқсамайды. Ол – қазір бір тұрақты шертпе күй аспабының аты. Ерте заманда пишаның түрі аса мол болған. Ұзын сапты пиша, қысқа сапты пиша, дөңгелек пиша, домалақ пиша, ағаш бетті пиша, тері бетті пиша, көп ішекті пиша, аз ішекті пиша сияқты түрлі-түсті болған. Тіпті пиша атауы барлық шертшелі күй аспабының атына тәлінген деп айтуда да болады. Осы пишалардың көп бөлегі Қытайдың орта жазығына терістік көпшелілері арқылы Индиядан және батыс терістікten келген деп қаралады.

**Уи-жин және оңтүстік-терістік патшалықтар дәуірінде (魏晋南北朝时期):**

**Иір пиша (曲项琵琶):** Бұл иір мойын пиша деп де аталады. Күй дыбысын шыгаратын бөлегі алмұрт сияқты домаланып келген. Заманымыздың 350-жылдары айналасында батыс терістік арқылы Үндістаннан Қытайдың

терістігіне келген. Заманымыздың 551-жылдарынан ілгері онтүстік Қытайға жеткен.

**Бес ішекті пипа (五弦琵琶):** Бұның көрінісі иір мойын ширамен ұқсас, одан сөл кішілеу. Бес ішегі бар. Бұл да заманымыздың 350-жылдары айналасында батыс терістік арқылы Үндістаннан Қытайдың терістігіне келген.

**Били (筚篥bili):** Ағаштан жасалған түтік. Үстінде тоғыз орында тесігі бар. Түтіктің жоғарғы аузына бір ысқырық орнатылған. Бұл үрлемелі күй аспабы заманымыздың 384-жылдары шамасында «Күсен күйлеріне» ілесіп батыс терістікten Қытайдың орта жазығына енген.

**Данғара (锣luo):** 6 ғасырдың алдыңғы мезгіліндегі соңғы Уи хандығы дәуірінде мыс данғара пайда болған. Ол кезде ол үрмалы даңғара (打沙锣) атанған. Бұл күй аспабы да батыс терістіктеңі көшшелілерден келген.

**Мыс даңғара, мыс табақ (钹bo):** Бұл үрмалы күй аспабы, заманымыздың 350 жылдары төңірегінде батыс терістік арқылы Қытайдың орта жазығына Үндістаннан келген.

**Дап (达 トdap):** бұл Қытайдың орта жазық жерінде терістік Уи заманында бар үрмалы күй аспабы. Бұлардан тыс сол дәуірде, кейінгі Сүй-таң замандарында көп қолданылған Бел барабаны (腰鼓), Чи барабаны(齐鼓), Кетерме барабан (担鼓), Екі бетті барабан (羯鼓) сияқты барабандар да жарыққа шыққан. Бұлардың барлығы батыс терістіктең үрмалы күй аспаптары болуы мүмкін [46].

#### Сүй-таң патшалықтары дәуірінде (隋唐时期):

Сүй-таң дәуірінде Қытайдың орта жазығына пипа (琵琶), бес ішек (五弦), конку (箜篌), сыйызғы (笛), кужия (胡笳), жијау (胶), ұлутас (贝), қалакша (叶), екі бетті барабан (羯鼓), душан барабаны (都县鼓), дала барабаны (答腊鼓) сияқты күй аспаптары батыстан және терістікten келді [47].

#### Юан дәуірінде (宋元代):

Монголдар Орта Азияны бойсұндырганнан кейін, батыс өңірдің күй аспаптары мен күйлері Қытайдың орта жазығына еніп, Юан патшалығының ән-күй мәдениетіне біршама зор әсер жасады.

Монгол хандығы құрылғаннан кейін, орданың қажеті үшін батыс өңірдің әнші-күйшілері әкелінді. Осы дәуірде тек күй аспабынан «Юан патшалығы тарихы ·құрмет күйі шежіресінде» естелікке алынғаны 22 түрлі. Орда

## Я.Кұмарұлы. Қөмілілер және Қытайдың орта жазық ...

«Қонағасы күй аспабының» ішінде кем дегенде қобыз (төрт іспекті шертер күй аспабы) бен көп тұтқіті сыйбызғы екеуінің батыс өнірден келгендігі белгілі. Қобыз байыргы Орта Азиядағы қазақ, қырғыз, түрк, араб, т.б. ұлттардың барлығында бар күй аспабы (олардың түрінде өзгешелік бар).

Қытай тарихшылары қобызды арабтың төрт іспекті шертер күй аспабы, оның арғы төркіні түріктердің бес іспекті күй аспабынан келген деп қарайды. Юан хандығының ордаларында шергілетін күй аспаптарынан «Самтұр: ежелгі заманғы 13 немесе 16 іспекті күй аспабы» (筝), чин пипасы (秦琵琶), қу қобызы (胡琴) сияқтылар болған» [48]. «Юан патшалығы тарихында» (元史) батыс өнірдің осы күй аспабының шіліні мен ерекшелігі естелікке алынған. Миң патшалығы дәуіріне (б.з. 1368ж - б.з.1644ж) дейін бұл күй аспабы Қытайдың орта жазығында дәурен сүрді. Миң заманындағы Шын дыфу (沈德符): «Бұғынгі күй аспаптарында төрт іспекті, ұзын төбесі бар, дөңгелек дабыл тәрізді (圆鼙者) күй аспабы бар, оны терістіктіктер жақсы шертеді, аты Купочүй (琥珀槌), Бейжиндіктер мен шекара дағылар қобыз дейді» деп жазады [49]. Қытай күй тарихын зерттеуші ғалымдар, батыс өнірдің төрт іспекті шертер күй аспабы қобыз Қытайдың орта жазығына енгеннен кейін, біртінде өзгертулған, қытайдың қучиң (胡琴: бұл кулардың қобызы немесе ку күй аспабы деген мағнада) деп аталатын екі іспекті, ыспалы күй аспабы пайда болған деп қарайды. «Бұндай өзгеріс тек Қытайда ғана туылуы мүмкін. Түрк, Арабтардың күй аспаптарында, өкілдік сипаттағы ыспалы күй аспабы – рауаб (拉巴布). Сондықтан қучиң (胡琴) – ыспалы шалудың (弓秦法) қобызға қолданылуы болып, оған осындағы ат қойылған шығар» дейді [50]. «Юан патшалығы тарихында» «Кучиннің (胡琴) жасалуы қобызға ұқсайды, басы ирілген, жылан басты (卷头, 龙首), екі іспекті, шалғысы садақша иліш жасалады, оған жылқының құйрық қылышан ысқыш тағылады» делінеді. Бұл Қытайдағы жазбаға түсірілген ең алғашқы ыспалы (қылмен ысып шалатын) күй аспабы. Қытай музика тарихында осыдан бастап ыспалы күй аспабы біртінде қалыштаса бастады. Таң патшалығынан бері Қытайдың орта жазығындағы іспекті күй аспабы пипаны негіз етсе, ал, Юан патшалығынан кейін қобыз бен Кучин (胡琴) басты орынға шықты [51].

Демек, ғалымдар қучиңді түріктердің және арабтардың төрт іспекті шертер күй аспабы – «рауабы» негізінде өзгертулған, қытайда тыңдан пайда болған күй аспабы деп қараган. Іс жүзінде Қытайдың орта жазығында Юан дәуірінде пайда болған қучин (胡琴) араб пен түріктердің қобыз, рауап сияқты төрт іспекті шертер аспабынан өзгергіш жасампаздаудан келген емес,

қайта байырғы Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардан тікелей көшіріліп келген еді. Бұның дәлелдері мыналар: біріншіден, «қобыз» дег аталатын екі ішекті ыспалы күй аспабы түркі тілді халықтарда бұрыннан бар, ол қазірге дейін жалғасып келеді. Екіншіден, оның «Юан патшалығы тарихындағы» бағындаған жасалу формасы (жоғарда айтылған) қазақтың қобызына ұқсайды. Үшіншіден, қазақтың қобызы туралы сонау Қорқыт заманынан бері жалғасып келе жатқан деректі ақыз-ертеғілері сақталған. Төртіншіден, қытай тіліндегі Қучиң (胡琴) деген термин қу (胡) және чин (琴) сынды екі иероглифтен құралған. Бұның алдынғы «ку» (胡) иероглифі ағы замандағы терістік көшшелілерінің жалшы аталуы. Ал, сонындағы «чин» (琴) иероглифи қытай тілінде күй аспабы деген мағынада. Яғни, Қучиң (胡琴) қулардың күй аспабы деген мағынаны береді. Егер бұл күй аспабы Қытайдың орга жазығының немесе Батыс Азияның (арабтардың) жасампаздығы болған болса, онда оған қулардың күй аспабы (胡琴) деген ат берілмеген болар еді.

Қытайдың орга жазығына Юан дәуірінде батыс терістіктен енген ендігі бір күй аспабы – үрлемелі күй аспабы болған көп тұтікті сыйызғы (兴隆笙). «Юан патшалығы тарихы · құрмет күйі шежіресінде» оның пішіні толық жазылған [52]. Көп тұтікті сыйызғы (兴隆笙) Орта Азиядағы мұсылман елдері Жоңтоң (中统) жылдары (1260 ~ 1263) Юан патшалығына тарту еткен сауға арқылы Қытайдың орга жазығына енген.

Батыс өңірден Юан дәуірінде Қытайдың орга жазығына енген әйгілі күй аспабынан тағы бірі 72 ішекті пиша. Тарихи деректерге негізделгенде 72 ішекті пиша арабтарда пайда болып, төңірекке тараған. «Юан патшалығы тарихында» монғұлдардың қосыны Бағдатты алғанда «72 ішекті пишаны қолға түсіргендігі» жазылған [53].

Лиу иүнің «Батысқа сапар естелігінде»: Бағдатта «36 ішекті пиша болған, алғашында, халипа бас ауруға шалдығыш, емделсе де сақаймайды. Бір шебер 72 ішекті пиша жасайды, бұның күйін естіген халипа аурудан лезде айығады» дег жазады [54]. Осы 72 ішекті пишаның «Юан патшалығы тарихында» аса ірі олжа ретінде естелікке алынуы, біріншіден, оның қолға оңай түспейтін ерекше құнды зат екендігін; екіншіден, Юан патшалығының күй мен күй аспаптарына берілуінің құпті екендігін ұғындырады. Олжага алынған осы күй аспабының Қытайдың орга жазығына әкелінгеннен кейін қалай пайдаланылғандығы туралы жазба дерек қалмаган. Алайда Чин патшалығы дәуіріндегі «Патшалықтың құрмет аспаптарының сызбасында» үйғұрлардың ішекті күй аспабы «кернай» естелікке алынған [55]. Бұл осы күй аспабының Юан дәуірінде үйғұрлардың арасында тарағандығынан дерек береді. 72 ішекті пишаның карон (卡龙) деген тағы бір аты болып, тарихи деректерде

## **Я.Күмарулы. Көпшелілер және Қытайдың орта жазық ...**

---

осы күй аспабының Абу Насыр Әл-Фараби (870-950) жағынан тапқырланғандығы жазылады. Тарихи деректерге қарағанда, Абу Насыр Әл-Фараби кезінде грек ән-күйін зерттеген, оның «Күй тоңтамы» атты еңбегі, байырғы гректер мен арабтардың ән-күйін баяндаған маңызды шыгарма көрінеді. Абу Насыр Әл-Фараби осы күй аспабын грек күй аспабына негізделіп жасаған делінеді. Сами · Хафиз осы еңбегінде және каронның (卡龙) пішінін, шертілу қағидасын таныстырады [56]. Егер бұны Абу Насыр Әл-Фараби тапқырлаған болса, онда оны гректердің күй аспабына еліктеп жасаған ба? Әлде, өз ата мекені – байырғы ірі мәдениет оргалықтарының бірі Отырардың күй аспаптарына еліктеп жасаған ба деген сұрау тузы да табиғи.

Юан патшалығының ордаларындағы қонағасы ән-күйлері бастапқы кездерде моңғулдардың дәстүрлі жол-жосындық ән-күйін негіз етті. Кейін біртіндеп төңіректің төрг бұрышынан әнші-күйшілерді жинац, астанада арнаулы музыканын мекемесі мен салт-сияшат мекемесін құрыш, алуан ұлт пен ұлыстың ән мен күйін тоғысқан Юан дәуірінің орда ән-күйін қалыптастырыды. Юан дәуіріндегі батыс өнір ән-күйінің орындалуына негізінен мұсылман қүйшілері жауашты болды. «Юан патшалығы тарихы · Жұз мансап шежіресінде» жазылуынша, сол кезде үкіметтің салт-сияшат мекемесіне ондағы мұсылман қүйшілерін басқарудағы тіл мәселеісін шешу үшін екі мұсылман мәнсалытты орналастырылған. Салт-сияшат мекемесінде «қытайлар, мұсылмандар және батыс өнірліктер болыш, үш ән-күй үйрмесіне болінген. Үш үйрмеде жиыны 300 ден артық адам болған». Яғни, қытайлар, мұсылмандар және батыс өнірліктердің ән-күй үйрмесінің әр біреуінде орта есептен 108 адамнан болған. Ән-күй үйрмелерін басқаруды қүшету үшін салт-сияшат мекемесіне қарасты арнаулы үш болімшесі құрыш, жеке-жеке үш үйрмені басқартқан. Орда қонағасы ән-күйі сол дәуірдегі ең жоғарғы билеушілердің кеңіл ашу, ләззаттану және сый-сияшаттық қымылдарына орындалатын. Бұл үшін құрылған үш үйрменің біреуінің мұсылмандар үйрмесі, енді біреуінің батыс өнір үйрмесі болуы сол дәуірдегі батыс терістік пен Орта Азияның ән-күй мәдениетінің Қытайдың орта жазығында қаншалық маңызды орында тұргандығын, қаншалық маңызды рөл ойнағандығын үгындырады. Юан дәуірінде Қытайдың орта жазығына енген батыс өнір әнші-күйшілері тек ордада ғана ән, би, күй орындаумен шектелгені жоқ, сонымен бірге зор тоңтағы бір бөлегі халық арасында өнер көрсетумен шұғылданды. Тіпті, бір бөлімдері батыс өнірдің ән-күйін ғана емес, сонымен бірге Қытайдың орта жазығындағы қытай және басқа ұлттардың ән-күйін де игеріш, оны да қоса орындаш жүргендігі тарихи деректерден байқалады.

Жалпы алғанда Юан дәуіріндегі қытайдың орта жазығында Батыс өнір, Орта және Батыс Азияның ән-күйінің шығандауы - батыс ән-күйінің Қытайдың орта жазығындағы Таң патшалығынан кейінгі қайта бір рет шарықтау шегіне жеткендігі еді. Батыс өнір ән-күйінің осы бір неше реткі

Қытайдың орта жазығын кең көлемде шаршуы қытайдың ән, күй, би мәдениетіне өз таңбасын өппестей етіп салып кетті.

Көптеген ғалымдар қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнер тарихын зерттеуде, терістік көшшелілерінің әсер-ықпалына айрықша мән беруі керектігі мен оның қытайдың орта жазық мәдениет тарихын зерттеудегі маңызы туралы дәрілтейді. Ал, біздің дәрілтейтініміз – терістік көшшелілерінің қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнеріне жасаған әсер-ықпалын зерттеу арқылы ата-бабаларымыздың әнінің, күйінің, биінің арғы соралтарын қуалау, өз әдебиет-көркемөнеріміздің өткенгі деректерін оның басқаға жасаған әсерінен қарастыру.

Бұлардан басқа терістік көшшелілерінің ән, күй, би үлгісі ғана емес, сонымен бірге олардың ән, күй, би туралы салт-дәстүрлері мен ырымжырымдары да қытайдың орта жазық тұрғындарына әсер жасап отырды.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Құтыби жартас суреті.
2. 赵超著: «云想衣裳: 中国服饰的考古文物研究», 四川人民出版社, 2004年, 成都25页.
3. Есбол Шаймарданұлы, «Шинжияң қоғамдық ғылымы», 2009-жыл, 1-сан, 89-бет.
4. 张征雁: «混沌初开: 中国史前时代文化», 四川人民出版时. 2004年, 156页.
5. Narain A.K. On the «first» Indo-Europeans: The Tokharian-Yuezhi and their Chinese homeland, Papers on Inner Asia, 2, Bloomington, Indiana, 1987.
6. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年, 543页.
7. Ясиян Құмарұлы. «Алystағы ата мұра», Ұлттар баспасы, 2003 ж., Бейжин, 418-419 6.
8. «Шинжияң қоғамдық ғылымы», 1996-жыл, 1-сан, 10-бет.
9. 张光直: «美术、神话与祭祀», 辽宁教育出版社, 2002年.
10. 张光直: «美术、神话与祭祀», 辽宁教育出版社, 2002年.
11. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年, 543页.
12. «楚辞».
13. 林河. «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年.
14. 林河, «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年.
15. «郭沫若全集», 考古版第一卷, 84页, 科学出版社, 1982年版, 户晓辉: «岩画与生殖巫术», 新疆美术摄影出版社, 1993年, 206-207页.
16. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年.
17. «尹训», «书经», «墨子非乐»; «Он екі мұхам женінде» (үйғұрша басылым), 34-бет, Ұлттар баспасы, 1981-жыл, Бейжин.
18. Ясиян Құмар ұлы. Алystағы ата мұра, Ұлттар баспасы, 2003-жыл, Бейжин.
19. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年. Айтуларға қарағанда Чүй юан өзінің арғы атасы санаған Жуан шүй (颛顼) бақсызықта тиым салған.
20. «非乐篇».
21. 张光直: «美术、神话与祭祀», 辽宁教育出版社, 2002年.

## **Я.Күмарулы. Көммелілер және Қытайдың орға жазық ...**

---

22. 乔健等主编: «文化、族群与社会的反思», 北京大学出版社, 2005年版, 第162页.
23. 乔健等主编: «文化、族群与社会的反思», 北京大学出版社, 2005年版, 162页.
24. 《晋书·乐志》.
25. 《乐府诗集》.
26. 王青: «西域文化影响下的中古小说», 中国社会科学出版社, 2006年.
27. 《后汉书》.
28. 《搜神记》.
29. 雷海宗: «中国的兵», 中华书局, 2005年.
30. 郭茂倩: «乐府诗集·横吹曲辞» 卷25.
31. «中国各民族文学关系研究», 第189~190.
32. «乐府诗集·梁鼓角横吹曲».
33. 《唐书·乐志》.
34. 《唐书·乐志》.
35. 《隋书·音乐之中》.
36. 页茜: «中华民族的文化与性格», 民族出版社, 2006年, 北京. 272-273页(胡汉大融合对音乐的影响).
37. «Шинжияң қоғамдық ғылымы», 2006-жыл, 4-сан, 27-бет.
38. 《隋史·乐志》.
39. «Тан дәүірінің естеліктері» 33-тарауы.
40. 《唐诗》.
41. Шинжияң қоғамдық ғылымы 2006-жыл 4-сан, 26-бет.
42. 谷包: «古代新疆的音乐舞蹈与古代社会», 新疆人民出版社, 1987年.
43. 《西域图志》.
44. «西域研究», 2004年第4期.
45. 页茜: «中华民族的文化与性格», 民族出版社, 2006年, 北京. 245-264页(胡汉大融合对文学风格的影响).
46. 页茜: «中华民族的文化与性格», 民族出版社, 2006年, 北京. 265-276页(胡汉大融合对音乐的影响).
47. 杨荫浏: «中国古代音乐史», 人民音乐出版社, 1981年.
48. (元)陶宗仪: «南村辍耕录» 卷28, «乐曲».
49. 《顾曲杂言》, 从书集成初编本.
50. (日)岸边成雄: «伊斯兰音乐», 93页, 上海文艺出版社, 1983.
51. 马建春: «元代东迁西域人及其文化研究», 民族出版社, 2003年, 第310页.
52. 《元史·礼乐志》.
53. 《元史·郭宝玉传》卷149.

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010**

---

54. 刘郁:《西使记》,见杨建新主编:《古西行记选注》239页,银川,宁夏人民出版社,1987.
55. 《皇朝礼器图式》卷9,《回部乐》.
56. (埃及)萨米·哈菲慈:《阿拉伯音乐史》,51-52页,北京,人民音乐出版社,1980.

### **REZUME**

I. KUMARULY (Urimzhi)  
NOMADS AND CULTURE SONGS, DANCE, KYUYA IN HIGH  
PLAINS OF CHINA

The article says the impact of the northern nomads on literature and culture of the middle plains of China, and clarifies the historical facts.

### **Қабден ҚҰНАНБАЙ**

#### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШАШ ҚОЮ ДӘСТҮРІНІҢ ФЫЛЫМИ НЕГІЗІ**

*Волосы являются природной защитой организма человека от внешних воздействий. В данной статье описываются анатомочно-биологические основы традиции казахского народа как туулым, челка, айдар и отращивание длинных волос у женщин.*

*Saç insan vüciydunu dış faktörlerden koruyor.  
Yazar Kazak halkının "tulum", "kekil", "uidar"  
kadınları uzun saçlı olması anatomič biyolojik  
gerekçesini değerlendirdi.*

Байырғы этнографиялық немесе этномәдени ұғымдар жүйесі – этностың дәстүрлі дүниетанымының логикасы, тіпті ойлау мәдениетінің төлтума ерекшелігінің ең мәнді көрсеткіші. Ол - ғасырлар бойы табиғи құбылыстарды, қогамдағы сан алуан үрдістерді, түрленістерді, түзілістерді және адами болмыс атаулыны жіті бақылаудан, зерделеуден туындалап, әлеуметтік-тарихи іс-әрекеттің үрдіс іірімдерінде шындалып, этникалық санада орнықкан логикалық түзіліс болып табылады. Демек, үлкен методологиялық мәдениеттің қажет ететін этностың (қазақтың) дәстүрлі этнографиялық категориялар, атаулар мен ұғымдар жүйесін жасау күні бүтінге дейін өзінің күпиясын аша қоймаған халықтың байырғы менталитетін, төлтума психологиясын, ежелгі нағым-сенімдер жүйесін, яғни дәстүрлі дүниетанымын зерделеуге жан-жақты мүмкіндік ашады деген сөз.

